А. Қ. Биисова, Л. Ж. Джусупкалиева

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

Зерде бұзылыстары бар балаларға
арналған арнайы мектептердің
(сыныптардың) 4-сыныбына арналған
әдістемелік құрал

Алматы
2021

**ӘОЖ 376**
**КБЖ 74.3**
**Б52**

**Биисова А. Қ. т.б.**

**Б52** **Қазақ тілі.** Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 4-сыныбына арналған әдістемелік құрал / А. Қ. Биисова, Л. Ж. Джусупкалиева. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2021. – 116 б.

ISBN 978-601-347-186-0

ӘОЖ 376
КБЖ 74.3

**ISBN 978-601-347-186-0**

© «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2021

# КІРІСПЕ

Оқу-әдістемелік кешен жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 4-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын негізге ала отырып, жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере әзірленген. Арнайы мектептерде қазақ тілі бастауыш деңгейдегі жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар үшін ең негізгі пән болып есептеледі.

«Қазақ тілі» пәні арқылы оқушылар қоршаған ортаны таниды, ұлттық мәдениетті, дүниетанымды сезіне бастайды, сөйлеу машығында оқушының өзіндік ерекшелігі айқындала түседі. Бұған қоса, тілді оқып-үйрену барысында арнайы мектептегі оқушылар алғашқы тілдік мағлұматтарды меңгереді, таным үдерістері түзеу арқылы дамиды, сөйлеу дағдылары қалыптасады. Қазақ тілінде оқу-жазуға дағдылану арқылы басқа пәндерді оқып үйренуге жол ашылады.

«Қазақ тілі» пәні бойынша аталмыш оқу-әдістемелік кешеннің мазмұны аталған санаттағы оқушыларды қазақ тіліне үйрету міндеттерін шешуді көздейді. Олар:

1) айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту;

2) күнделікті тұрмыстық жағдайларда, қолжетімді мамандықтар бойынша іс-әрекет барынша өз бетімен қатынас жасауға қажетті тілдік білім, білік және дағдыларды қалыптастыру;

3) білім алушылардың ұғымына сай мәтіндерді дұрыс оқып, мағынасын түсінуге үйрету;

4) өз ойын жүйелі түрде дұрыс жеткізе білуге, басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсуге үйрету;

5) сөз байлығын дамыту, жетілдіру;

6) сөйлем құрау, дағдыларын жетілдіру;

7) диалогтік және монологтік сөйлеу дағдыларын, сөйлеу мәдениетін, өз сөзінің дұрыс айтылуын бақылауын қалыптастыру, дамыту;

8) қарапайым орфографиялық және пунктуациялық ережелерді практикалық түрде меңгеру;

9) білім алушылардың сабаққа, ересектермен және сыныптастармен қатынас жасауға қызығушылығын дамыту.

Оқу-әдістемелік кешен құрамына оқулық пен әдістемелік құрал кіреді. Оқулық құрылымында бағдарлау аппараты: аңдатпасы, алғы сөзі, мазмұны, көрсеткіштері, шартты белгілері көрсетілген. Оқулық мазмұны жүйелі, ретті және қисынды құрылған.

«Қазақ тілі» оқулығында оқу бағдарламасында көзделген: айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту; өз бетімен қатынас жасауға қажетті тілдік білім, білік және дағдыларды қалыптастыру; сөз байлығын дамыту, сөйлем құрау дағдыларын жетілдіру; сөйлеу дағдыларын, сөйлеу мәдениетін, өз сөзінің дұрыс айтылуын бақылауын қалыптастыру; қарапайым орфографиялық және пунктуациялық ережелерді меңгеру міндеттерінің мәні ашылған.

«Қазақ тілі» оқулығында оқу және жазу жұмыстары өзара тығыз байланыста қатар жүреді.

Оқу-әдістемелік кешен ұсынатын барлық практикалық тапсырмалар білім алушылардың жоғарғы психикалық қызметтерінің сенсомоторлы негізін (қабылдау, сөйлеу тілі, ойлау) дамытуға, өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігінің орнын толтыру, жалпы білім беру пәндері бойынша білім алу, дағды мен іскерлікті меңгеруге мүмкіндік береді.

Қазақ тілін оқытуда, оқушылардың ойлау әрекетінің төмен деңгейін ескере отырып, оқыған материалды сапалы меңгерту мақсатында салыстыру, талдау, жіктеу, іріктеу, теңестіру, түсіндіру, дәлелдеу, топтастыру сияқты тәсілдер кеңінен қолданылады. Осындай тәсілдер мен жұмыс түрлері оқушылардың белсенділігін арттырады. Ал көрнекілікке сүйену арқылы практикалық және ойын әрекеттер мен әртүрлі жаттығулар оқушылардың қазақ тілін оқып үйренуге қызығушылығын дамытады.

Педагог оқыту барысында жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ойлау үдерістерінің енжарлығы, танымдық белсенділігінің төмендігі мен сөйлеу дамуының артта қалуын, ойлау, қорыту және абстракциялаушы функцияларының әлсіздігін ескеру керек.

Маңызды мәселе бұл жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың вариативті типологиялық ерекшеліктерімен шартталады, яғни олардың ерекшеліктері оқу материалдарын меңгеру

кезінде байқалады және білім, дағды мен іскерлігінің сапасына әсер етеді. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған арнайы мектеп пен сыныптарда оқу үдерісі белгілі оқушыларды төрт типологиялық топты құрайтын педагогикалық жіктелу негізінде іске асырылады (В. В. Воронкованың жіктеуі бойынша). Педагог білім алушылардың мүмкіндіктеріне қарай әр типологиялық топқа күрделілігі мен көлемі қол жетімділігін ескере отырып, оқу материалдарының мазмұнын іріктеп алады. Осыған байланысты барлық тапсырмалар мен жаттығулардың күрделілік деңгейлері ескерілген, оқулықпен жұмыс дәптерінде тиісті шарт белгісімен көрсетілген. Оқулықтың мазмұны бастауыш сыныптардың барлық пәндері бойынша өзара сабақтастық пен байланыстың болуы мақсатында:

- «Өзім туралы»;
- «Менің мектебім»;
- «Менің отбасым және достарым»;
- «Бізді қоршаған әлем»;
- «Саяхат»;
- «Салт-дәстүр. Мерекелер»;
- «Тағам және сусын»;
- «Дені саудың – жаны сау» сияқты бөлімдерге бөлу арқылы қарастырылған.

«Қазақ тілі» пәні «Оқу және тіл дамыту», «Айналадағы әлем», «Бейнелеу өнері», «Қол еңбегі» оқу пәндерімен тығыз байланысты жүргізіледі. Бұл сабақтарда білім алушылардың енжар сөз қорының белсенді сөз қорына ауысуына, сөйлем құрау дағдыларының дамуына, тіл дыбыстарын дұрыс айтып бекітуіне, сөйлеудің просодикалық жағының жетілуіне қолайлы жағдай туындайды; танымдық ерекшеліктеріне сай білім алушылар өз ойын жеткізуге дағдыланады, қазақ халқының мәдениетін құрметтеп, меңгеруге тәрбиеленеді; эстетикалық талғамдары, ойлау, қабылдау, ауызша сөйлеу тілі дамиды.

Бұл оқу-әдістемелік кешенді жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылар оқитын арнайы сыныптар мен инклюзивті білім беру жағдайындағы сыныптарда пайдалануға болады.

## ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУЛЫҚТЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оқулықта оқу материалы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған қазақ тілін оқытудың арнайы әдістемесіне сәйкес келетін оқу материалдары берілген.

Оқу құралы мұғалімге оқулық тапсырмаларын дәйектілікке және білім беру бағдарламасына бағыттайтын кестелермен аяқталады. Әр тақырып бойынша оқушының қызметін сипаттау арқылы тұжырымдалған күтілетін нәтижелер қалыптастырылады. Оқу үдерісінде бағдарлама бойынша өтілетін әртүрлі тақырыптар қарастырылады.

Оқушылардың енжар сөздік қоры жаңа сөздермен және терминдермен толықтырылады. Содан кейін оқушыларды белсенді сөйлеуде жаңа түсініктерді қолдануға шақыру қажет.

Оқулықтағы әрбір тапсырма бойынша мұғалімнің кеңесі беріледі. Тапсырма анық және баяу айтылады. Сұрақты бірден қайталамай, балалар естігендерін ойланып түсінетіндей мүмкіндік туғызу қажет.

Жасыл дөңгелек күрделіліктің бірінші (төмен) деңгейін білдіреді. Бұл тапсырмаларда оқушы нысанның суретін немесе мұғалімнің сипаттап көрсеткен сюжеттік бейнені оқып, көрсетуі керек. Сары дөңгелек оқыту міндетінің күрделілігінің екінші (орташа) деңгейін көрсетеді, ол қазақ тілін түсінуді және терминологиясын өз сөзінде қолдануды, оны мұғалім қайталауды қамтиды. Қызыл дөңгелек күрделіліктің үшінші (жоғарғы) деңгейін көрсетеді. Ол суреттерде көрсетілген бейнелерге өз бетімен сипаттама беріп, ережеге сай тапсырмаларды талдап, түсіндіріп бере алатындай дәрежені іске асыру көзделеді. Оқушылардың тапсырмасының күрделілігі әртүрлі қызметтегі жетістіктері үшін бақылау негізінде таңдалады. Әр оқушыға қарапайымнан күрделіге дейінгі тапсырмаларды біртіндеп және дәйекті күрделендіріп арттыру керек. Барлық оқушылар күрделіліктің барлық деңгейлеріне қол жеткізе алмайды. Оқушы өзінің мүмкіндіктеріне сәйкес, мысалы, күрделілігі бірінші деңгейдегі материалдарды орындап, мүмкіндігіне байланысты күрделіліктің екінші деңгейіндегі тапсырмаларды орындауға ауыса алады. Оқулықта белгіленген бағдарлау дағды-

ларын қалыптастыру, оны мұқият пайдалану, оқулық материалын түсіну және түсіндіру үшін сабақта арнайы уақыт бөлінеді.

Оқулық беттерінде қарындаш пен қалам қолдануға болмайды.

Әдістемелік нұсқауда әрбір оқушының оқу жетістіктерін анықтауға арналған жетістіктер картасы бар. Сондай-ақ әрбір тақырып бойынша оқушылардың барлық іс-әрекеттерін мұқият бақылап талдай отырып, оқушылардың табыстылығына баға беріледі. Жетістік картасында материалға оқушының қол жеткізген деңгейі атап көрсетіледі, күні арнайы бағанда белгіленеді.

## ЗЕРДЕ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Зерде бұзылыстары бар оқушыларға арналған көмекші мектептердегі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде профессор А. А. Воронкованың жүйесі бойынша 4 топқа бөлінеді:

1. І топтағы балалар көбіне бағдарламада берілген материалды толық меңгеріп, өз бетімен берілген тапсырманы орындай алады, тапсырмадағы кейбір өзгерістерді тез ұғып, жаңа сабақты тез меңгереді. Мұндай топтағы оқушылар алған білімдерін машықтық жұмыста өте тез көрсете алады. Сондықтан қазақ тілі сабағында І топтағы оқушылар дыбыстық-әріптік талдауды жеңіл меңгеріп кетеді, сонымен қатар оқу, жазу және дұрыс жаза білу дағдыларын тез үйреніп алады.

Мысалы, өзіне бөлек тапсырма белгіленген парақша беріп, оқушының қаншалықты дәрежеде ойлау қабілеті дамығандығы бақыланады. Оны дәптеріне көшіріп, оған талдаудың ізімен талдау жасай отырып оқып жаза алады. Осындай талдаудың арқасында оқушы қатесін жояды, фонематикалық есту, көру қабілеттері дамиды, сөздік қоры артады.

2. ІІ топтағы оқушылар бағдарлама бойынша оқытуда көп қиындық келтірмейді. Бірақ І топтағы оқушылармен салыстырғанда көптеген қиындықтарға ұшырасады. Олар көбіне оқытушының көмегінсіз өтілген материалдың ең қарпайым түрін қорытындылай алмайды, оны түсіну мүмкіншілігі дамуындағы кемістіктерді түзете отырып, мынадай мақсат қойылады:

- балаларға қажетті терминдерді меңгерту, мағыналарындағы айырмашылықтарды ажыратып түсіндіру;

- балалардың айналадағы заттарды, құбылыстарды тікелей бақылау, сұраққа толық жауап беру, суретке қарап әңгіме құру, әртүрлі машықтық жұмыстар жүргізу қажеттілігі ескеріледі.

Оқыту жүйесінде экскурсияның білімдік және тәрбиелік мәні өте зор. Экскурсия оқушының тақырыпты толығырақ түсінуіне көмектеседі. Оқу мен жазуға үйрету барысында оқушылар фонетикадан алған бірқатар мәліметтерді әр сабақтың алдында қайталап отырады.

Балалардың оқу мен жазудағы байқалатын кемшіліктері:

• сөздерді буынға бөле алмайды, бөлген жағдайда кемшіліктер жібереді;

• сөйлем құрауда мағыналарына жіті көңіл бөлмейді, орындарын ауыстырып жазады. Мұндай олқылықтардың алдын алу мақсатында жаңа сабақты бастамас бұрын сөзді буынға бөлдіріп, буын санын сұрай отырып, дыбыстардың дауысты, дауыссыз болатынын, қайсысы қай топқа жататынын графикамен сыздырып, ал буынға бөлуде қол шапалақтату арқылы буын санын тез табуға көңіл бөлінеді.

3. ІІІ топтағы оқушыларға бағдарламалық материалды меңгертуде көп қиындықтар кездеседі, олар әр уақытта жаңа сабақты түсінуде заттық материалдар мен ауызша-логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға қажет көрнекіліктерді мол пайдаланғанды қажет етеді. Себебі, олардың ойлау, есте сақтау қабілеттері тек қана көру, есту дағдысына байланысты дамиды, сол арқылы дамып отырады. Ең біріншіден, оқушыны айтылатын нәрсенің ең қарапайым түрімен таныстыру. Оқушыға осы қарапайым дағдыны меңгертудің өзі көп жұмысты қажет етеді.

Жалпы оқу үстінде жаңа материалды бірден түсіне алмайды, оларға бірнеше рет қосымша түсіндіруді қажет етеді. Өз бетімен жұмыс істеу қабілеті жоқ. Екінші топтағы балаларға қарағанда, сабақты ұғыну үдерісі өте төмен. Мұндай оқушылардың білу дағдыларын қалыптастыру үшін үнемі ұйымдастырып, сұрақтар қою арқылы сүйемелдеп отыру керек. Ол үшін мынадай басты мақсатты іске асыру қажет:

- балалардың білімін, ептілігін, дағдыларын байқаумен тексеру (оқу, жазу сабақтарында);

- балаларды оқуға қызықтыру;
- балалардың жалпы және тілдік дамуындағы ерекшеліктерін айқындау;
- есту, көру дағдыларын дамыту;
- қолдың бұлшықеттерін шынықтыруға қатысты жұмыстар жүргізу;
- фонематикалық есту қабілеттерін дамыту т.б.

Бұл топтағы оқушылар қазақ тілін оқып үйренуде мынадай қателіктер жібереді:

- Сөздер жазғанда көп қателіктер болады.
- Әріп, буынды тастап кетеді.
- Әріптің үстіне әріп жазылады.
- Әріптерді қосып жазбайды, жолдан шығып кетеді.

Осыны болдырмау әдісі:

- буынды, сөзді, сөйлемді жазғанда, кеспе әріптермен жұмыс болу керек;
- суреттер арқылы тілін дамытып, сөзді дәптерге жаздыру;
- талдаудың ізімен талдау жасап, оқытып жаздыру.

Осылай талдаудың арқасында оқушылар қателіктерін жояды, фонематикалық есту, көру қабілеттері дамиды, сөздік қоры артады.

4. IV топтағы оқушылар көмекші мектепте қолданылатын оқу материалдарының өзін ең төменгі дәрежеде қабылдайды. Оларға жалпы оқу үдерісіндегі түсіндірулер жеткіліксіз. Оларға тапсырма беруде, жаңа сабақты меңгертуде көптеген тәжірибелер мен жаңа әдістемелік тәсілдерді қолдануды, оқытушы тарапынан нақты бақылауды қажет етеді. Ол үшін олармен жеке сауат ашу кезеңінде қойылатын талаптармен жұмыс жүргізіледі:

- әріптерді, оларды бір-бірімен тіркестіріп, буындарды, тәсілдерді дұрыс меңгерту;
- осы оқушыларды буындап оқуға жеткізу.

Бұл кезең дыбыстық талдау, жинақтау тәсілімен жүргізіледі. Оқушылар сөйлемді сөзге, сөзді буынға бөлуді үйренеді. Ал фонематикалық есту қабілеті мен тілдік кемістіктерін түзету үшін артикуляциялық жаттығулар жасалу қажет. Олар қимыл-әрекеттерін дамыту үшін сабақ барысында түрлі дидактикалық ойындарға мән берген жөн.

Білім беру жүйесіндегі қазіргі талап, сабақты ұйымдастырудың тиімді жолдарының бірі – оқытудың жаңа технологияларын орынды қолдану болып табылады. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық т.б. қабілеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді.

## ОҚУЛЫҚТЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

1) Дыбыс және әріп: қазақ тілде дыбыстарды дұрыс айту; ауызекі сөйлеу тілінде буын және дыбыс үндестігін сақтап сөйлеу. Қазақ тіліндегі әріптердің орналасу тәртібімен танысу; әліпбидің анықтамасымен танысу, жаттау; сөздерді әліпби ретімен орналастыру. Әртүрлі жазбаша жұмыс түрлерінде дыбысты, әріпті сәйкес дұрыс қолдану (жазба, баспа әріптер). Жуан *(а, о, ы, ұ)*, жіңішке *(ә, ө, і, ү)* дауыстылар айтылуы мен естілуін ұғыну, сөзде дұрыс жазу. Сөзге дыбыстық талдау жасау. Жұп *(а-ә, о-ө, ы-і, ұ-ү)* дауыстыларды ажырату. Сөзге дыбыстық талдау жасау. Әртүрлі жұмыс түрлерінде жуан, жіңішке дыбыстарды дұрыс өзбетімен қолдану. Дауыссыз дыбыстар. Қатаң, ұяң және үнді дауыссыздар. Буын және тасымал: дауыстылардың буын жасай алатыны; сөздерді буынға бөлу; тасымалдау жолдарын мысалдар арқылы ұғыну; тасымалданбайтын сөздер; жуан және жіңішке айтылатын дыбыстар (ана, әке). Сөздер мен сөйлемнен жуан және жіңішке болып қолданылған дауыссыздарды табу, астын сызу. «Я», «Ю» әріптердің емлесі. Жіңішкелік белгісі (ь) мен айыру белгісі (ъ). «И», «Й» әріптердің жазылуы. Осы әріптер кездесетін сөздерге буындық және дыбыстық талдау жасау. «В», «Ф» дыбысы мен әріптері. Айтылуы мен жазылуында ажырату. Сөздерге дыбыстық-буындық талдау жасау.

2) Сөз: *заттың атын білдіретін сөздер*. Заттың атын білдіретін сөздер туралы оқушылардың ұғымдарын кеңейту; сөздерге *кім? не?* деген сұрақтарды дұрыс қоя білу және жауап беру; заттың суреттері арқылы сөздер ойластыру; кімді? нені? кімге? неге? кімнің? ненің? деген сұрақтарды қоя білу және жауап беру; затты жеке және оның бөліктерін атай білу (үстел – беті, аяғы, тартпасы); затты жеке және топтап айта білу (алма, өрік, алмұрт – жемістер); білім алушылардың жалқы есім туралы ұғымдарын кеңейту; қала,

ауыл, көше, кісі аттарының бас әріптен жазылуын білу. *Әрекетті білдіретін сөздер.* Әрекетті білдіретін сөздер туралы ұғымдарын кеңейту; әрекетті білдіретін сөздерге сұрақ қоя білу; әрекетті білдіретін сөздерді мәтіннен таба білу; әрекетті білдіретін сөздерді қатыстырып сөйлем құрау; не істейсің? не істедің? деген сұрақтарға жауап беру; берілген қимылдың иесі бола алатын заттардың атын анықтау. Не маңырайды? не боздайды? Заттың санын, сапасын, белгісін білдіретін сөздер. Қандай? қай? неше? деген сұрақтар арқылы заттың белгілерін анықтау; заттың санын, сапасын, белгісін білдіретін сөздерді мәтіннен дұрыс таба білу; оларды заттың атын білдіретін сөздермен дұрыс тіркестіріп айта және жаза білу; аталған заттың бірнеше белгісін (сапасын) тауып айту және бірнеше белгіні (сапаны) білдіретін сөздерге қарап заттың атын таба білу; екі затты сапалары бойынша салыстыру (қар – ақ, көмір – қара, мақта – жұмсақ, тас – қатты); сөз тіркестерін құрастыру: ақ көйлек, қара бояу, үлкен мектеп, биік ағаш. Түбірлес сөздерді түсіну. Түбірлес сөздердің анықтамасын білу.

3) Сөйлем: жай сөйлем құрылымымен танысу; кімнің? ненің? кімді? нені? кімге? неге? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен? деген сұрақтар арқылы сөйлем құрай білу; сөйлемді мәтіннен ажырата білу; сөйлемді аяқтап жазуды үйрену; сұрақ бойынша сөйлемді толықтыруға дағдылану; берілген жауабын түсініп жаза білу (Самат ненің суретін салды? Самат әтештің суретін салды); сөйлемдегі сөздердің ретін сызба арқылы көрсету.

4) Байланыстырып сөйлеу: ретсіз берілген сөздерді мағынасына қарай ретімен орналастырып жаза білу; мазмұндаманың мәтінін құрап, сөйлемдерді жүйелі түрде реттілікпен айту; сурет бойынша шағын мәтін құрастыру.

5) Тіл нормаларын қолдану: орфографиялық нормаларды сақтау; жалқы есімдер түбірлес сөздерге қатысты ережелерді сақтау; орфоэпиялық нормаларды сақтау; пунктуациялық нормаларды сақтау; сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ, леп белгісі) қолдану; каллиграфиялық нормаларды сақтау; әріптерді үзбей, біркелкі, таза жазуын жетілдіру, көркем, әдемі жазуға дағдылану; қолжазба және баспа мәтінін тұтас сөздермен көшіріп жазу; 25-30 сөзден құралған мәтінді жатқа жазу.

## Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Қазақ тілі пәні, 4-сынып
Аптасына: 3 сағат
Барлығы: 102 сағат

| № р/с | Ортақ тақырыптар | Сабақтың тақырыбы | Оқу мақсаттары | Сағат саны | Мерзімі | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1-бөлім. ӨЗІМ ТУРАЛЫ 11 сағат | Тіл және сөйлеу | 4.1.1.1 ауызекі сөйлеу тілінде буын және дыбыс үндестігін сақтап сөйлеу. | 1 | | |
| 2 | | Дыбыс және әріп | 4.1.2.1 әртүрлі жазбаша жұмыс түрлерінде дыбысты, әріпті сәйкес дұрыс қолдану (жазба, баспа әріптер). | 1 | | |
| 3 | | Дыбыс және буын үндестігі | 4.1.1.1 ауызекі сөйлеу тілінде буын және дыбыс үндестігін сақтап сөйлеу. | 1 | | |
| 4 | | Дауысты дыбыстар | 4.1.3.1 жуан (а, о, ы, ұ), жіңішке (ә, ө, і, ү) дауыстылар айтылуы мен естілуін ұғыну, сөзде дұрыс жазу; сөзге дыбыстық талдау жасау. | 4 | | |
| 5 | | Жұп дауысты дыбыстар | 4.1.3.2 жұп (а-ә, о-ө, ы-і, ұ-ү) дауыстыларды ажырата білу; осы дыбыстар кездесетін сөздерге дыбыстық талдау жасай білу. | 3 | | |
| 6 | | Бақылау диктанты | 4.1.3.3 әртүрлі жұмыс түрлерінде жуан, жіңішке дыбыстыларды өздігінен дұрыс қолдану. | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2-бөлім. МЕНІҢ МЕКТЕБІМ 16 сағат | Буын және тасымал | 4.1.4.1 буын, тасымал ережелерін тәжірибе жүзінде меңгеру;<br>4.1.4.2 сөздің дыбыстық, буындық құрамын талдау негізінде дұрыс жазу;<br>4.1.4.5 бір буыннан, көп буыннан тұратын сөздерді тасымалдау. | 3 | | |
| 2 | | Әліпби | 4.1.5.1 қазақ тіліндегі әріптердің орналасу тәртібін білу;<br>4.1.5.2 алфавит анықтамасымен танысу, жаттау;<br>4.1.5.3 алфавит ретін бекітуге арналған әртүрлі тапсырмаларды өздігінен орындау. | 2 | | |
| 3 | | Дауыссыз дыбыстар | 4.1.6.1 қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды әртүрлі жаттығуларда, тапсырмаларда орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс қолдану. | 3 | | |
| 4 | | Я әрпінің емлесі | 4.1.6.2 Я, Ю әріптердің емлесі. | 1 | | |
| 5 | | Ю әрпінің емлесі | 4.1.6.2 Я, Ю әріптердің емлесі. | 1 | | |
| 6 | | Ь – жіңішкелік белгісі | 4.1.6.3 жіңішкелік белгісі (ь) мен айыру белгісі (ъ). | 1 | | |
| 7 | | Ъ – айыру белгісі | 4.1.6.3 жіңішкелік белгісі (ь) мен айыру белгісі (ъ). | 1 | | |
| 8 | | Й, и әрпінің жазылуы | 4.1.6.3 И, Й әріптердің жазылуы. Осы әріптер кездесетін сөздерге буындық және дыбыстық талдау жасау. | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | | В, ф дыбысы мен әрпі | 4.1.6.4 В, Ф дыбысы мен әріптері; айтылуы мен жазылуында ажырату; сөздерге дыбыстық-буындық талдау жасау. | 1 | | |
| 10 | | Бақылау диктанты | 4.1.6.1 қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды әртүрлі жаттығуларда, тапсырмаларда орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс қолдану. | 1 | | |
| 11 | | Бөлім бойынша қайталау | 4.1.6.1 қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды әртүрлі жаттығуларда, тапсырмаларда орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс қолдану. | 1 | | |
| 1 | 3-бөлім. МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ 16 сағат | Сөз. Заттың атын білдіретін сөздер | 4.2.1.1 затты жеке және оның бөліктерін атай білу (үстел-беті, аяғы, тартпасы);<br>4.2.1.2 затты жеке және топтап айта білу (алма, өрік, алмұрт – жемістер). | 4 | | |
| 2 | | Бас әріптен жазылатын сөздер | 4.2.1.3 жалқы есімдер; жалқы есімдер туралы түсінікті кеңейту (өзен, теңіз, тау атаулары); жалқы есім сөздерін ережелерге сай сақтап жазу. | 2 | | |
| 3 | | Жер-су аттары | 4.2.1.3 жалқы есімдер; жалқы есімдер туралы түсінікті кеңейту (өзен, теңіз, тау атаулары); жалқы есім сөздерін ережелерге сай сақтап жазу. | 1 | | |
| 4 | | Заттың қимылын білдіретін сөздер | 4.2.2.1 әрекетті білдіретін сөздермен сөйлем құрау, жазу, қимыл сөздерді сөйлеу барысында дұрыс қолдану;<br>4.2.2.2 әрекетті білдіретін сөздерді жағына, шағына қарай өзгертіп, қолдану. | 5 | | |
| 5 | | Заттың санын білдіретін сөздер | 4.2.3.3 заттың санын білдіретін сөздерді заттың атын білдіретін сөздермен тіркестіру. | 4 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 4-бөлім. БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ 16 сағат | Заттың сынын білдіретін сөздер | 4.2.4.1 мәтіннен әртүрлі мағыналы сипаттау сөздерді табу, жазу. | 6 | | |
| 2 | | Бақылау диктанты | 4.2.1.3 жалқы есімдер; жалқы есімдер туралы түсінікті кеңейту (өзен, теңіз, тау атаулары); жалқы есім сөздерін ережелерге сай сақтап жазу. | 1 | | |
| 3 | | Бөлім бойынша қайталау | 4.2.1.1 затты жеке және оның бөліктерін атай білу (үстел – беті, аяғы, тартпасы);<br>4.2.1.2 затты жеке және топтап айта білу (алма, өрік, алмұрт – жемістер); | 1 | | |
| 4 | | Түбірлес сөздер | 4.2.5.1 түбірлес сөздерді түсіну; түбірлес сөздердің анықтамасын білу;<br>4.2.5.2 түбірлес сөздерді табу, сөздің түбірін анықтау;<br>4.2.5.3 түбірлес сөздерге өзгерту дағдыларын меңгеру. | 2 | | |
| 5 | | Мәндес сөздер | 4.2.5.4 мәндес сөздерді түсіну; мәндес сөздердің анықтамасын білу. | 2 | | |
| 6 | | Қарама-қарсы мағыналы сөздер | 4.2.5.5 қарама-қарсы мағыналы сөздерді түсіну; қарама-қарсы мағыналы сөздердің анықтамасын білу. | 2 | | |
| 7 | | Көпмағыналы сөздер | 4.2.5.6 көпмағыналы сөздерді түсіну; көп-мағыналы сөздердің анықтамасын білу; | 2 | | |
| 1 | 5-бөлім. САЯХАТ 12 сағат | Сөйлем. Сөйлемнің түрлері | 4.3.3.1 сөйлем түрлерімен танысу (хабарлы, сұраулы, лепті), ажырату. | 2 | | |
| 2 | | Хабарлы сөйлем | 4.3.3.2 мәтіннен сөйлем түрлерін табу, түсіну. | 2 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | | Сұраулы сөйлем | 4.3.3.3 сөйлемдерді салыстыру. | 2 | | |
| 4 | | Лепті сөйлем | 4.3.3.4 сөйлемдердің түріне байланысты интонацияны, дауыс күшін қолданып айту;<br>4.3.3.5 пунктуациялық, орфографиялық нормаға сәйкес жаза білу. | 2 | | |
| 5 | | Сөйлем түрлері | 4.3.4.1 сөйлемді аяқтап жазуды үйрену;<br>4.3.4.2 сөйлемді өзгертіп айту, жазу (хабарлы сөйлемнен сұраулы сөйлем құру);<br>4.3.4.4 үлгі бойынша, әртүрлі сөйлем түрлерін құрастыру;<br>4.3.4.5 өздігінен әртүрлі сөйлем түрлерін құрастыру. | 2 | | |
| 6 | | Сөйлем мүшелері | 4.3.4.3 сөйлемнің тұрлаулы мүшелерімен танысу: бастауыш, баяндауыш (атап қана өту). | 2 | | |
| 1 | 6-бөлім. САЛТ-ДӘСТҮР. МЕРЕКЕЛЕР 8 сағат | Диалог | 4.4.1.1 іс-әрекет бойынша сұрақтар қоя білу;<br>4.4.1.2 сурет бойынша сұрақтар қоя білу;<br>4.4.1.3 мәтін бойынша сұрақтар қоя білу. | 3 | | |
| 2 | | Мәтін | 4.4.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің жоспарын (өлең, жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш) анықтап, мазмұнын айту;<br>4.4.2.2 өздігінен мәтіннің жоспарын (өлең, жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш) анықтап, мазмұнын айту;<br>4.4.2.3 өз бетімен өлең, жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттау. | 3 | | |
| 3 | | Бақылау диктанты | 4.4.2.4 мәтінді оқып, сұрақтарға жауап жазу. | 1 | | |
| 4 | | Бөлім бойынша қайталау | 4.4.2.5 мәтінді өткен ережелерді сақтап көшіру. Тыныс белгілерін қою. | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 7-бөлім. ТАҒАМ ЖӘНЕ СУСЫН 16 сағат | Дыбыс және әріп | 4.1.2.1 әртүрлі жазбаша жұмыс түрлерінде дыбысты, әріпті сәйкес дұрыс қолдану (жазба, баспа әріптер). | 2 | | |
| 2 | | Дауысты дыбыстар | 4.1.3.3 әртүрлі жұмыс түрлерінде жуан, жіңішке дыбыстыларды өздігінен дұрыс қолдану. | 2 | | |
| 3 | | Дауыссыз дыбыстар | 4.1.6.1 қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды әртүрлі жаттығуларда, тапсырмаларда орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс қолдану. | 2 | | |
| 4 | | Буын және тасымал | 4.1.4.1 буын, тасымал ережелерін тәжірибе жүзінде меңгеру;<br>4.1.4.2 сөздің дыбыстық, буындық құрамын талдау негізінде дұрыс жазу. | 2 | | |
| 5 | | Заттың атын білдіретін сөздер | 4.2.1.1 затты жеке және оның бөліктерін атай білу (үстел – беті, аяғы, тартпасы);<br>4.2.1.2 затты жеке және топтап айта білу (алма, өрік, алмұрт – жемістер). | 2 | | |
| 6 | | Заттың қимылын білдіретін сөздер | 4.2.2.1 әрекетті білдіретін сөздермен сөйлем құрау, жазу; әрекетті білдіретін сөздерді сөйлеу барысында дұрыс қолдану. | 2 | | |
| 7 | | Заттың сынын білдіретін сөздер | 4.2.4.1 мәтіннен мағыналары әртүрлі сипаттағы сөздерді табу, жазу;<br>4.2.4.2 заттарды үлгі бойынша өздігінен сипаттап әңгімелеу. | 2 | | |
| 8 | | Заттың санын білдіретін сөздер | 4.2.3.3 заттың санын білдіретін сөздерді заттың атын білдіретін сөздермен тіркестіру. | 2 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 8-бөлім.<br>ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ<br>7 сағат | Сөйлем түрлері | 4.3.4.1 сөйлемді аяқтап, жазуды үйрену;<br>4.3.4.2 сөйлемді өзгертіп айту, жазу (хабарлы сөйлемнен сұраулы сөйлем құру). | 3 | | |
| 2 | | Тіл дамытуға арналған жаттығулар | 4.4.3.1 іләспелі сурет бойынша (көмекпен) шағын шығарма жазу;<br>4.4.3.2 басталған әңгімені аяқтау. | 3 | | |
| 3 | | Бақылау диктанты | 4.4.3.3 сөздік диктант жазу;<br>4.4.3.4 сөйлемді аяқтап жазуды үйрену. | 1 | | |
| | БАРЛЫҒЫ:<br>102 сағат | | | 102 сағат | | |

## «Өзім туралы» ауыспалы тақырып бойынша технологиялық картаның үлгісі

| | |
|---|---|
| Дыбыс және әріп.<br>Дауысты дыбыстар | өзі туралы айту, мысалдар келтіру;<br>дыбыс пен әріпті тану, дауысты дыбыстарды ажырату;<br>жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды үлгі арқылы көрсету;<br>жұп дауысты дыбыстарды ажырату;<br>дауысты дыбыстардың түрлерін кесте арқылы көрсету. |
| Мазмұнды сурет | суреттер бойынша сөздер айту;<br>сөзжұмбақ шешу;<br>мазмұнды сурет, парақша, бейнекөрсетілім бойынша сөздерді табу;<br>топтық, жұптық тапсырмалар орындау, постер қорғау. |
| Іләспелі қайталау | дауысты дыбыстарды түрлеріне қарай ажыратады;<br>дыбыстық талдау жасайды;<br>жеке, жұптық жұмыс. |
| Сөздік және сөз тіркестері | тақырып бойынша сөздік жұмысы;<br>дыбыстан сөз, сөзден сөйлем құрайды. |

| | |
|---|---|
| Пәнаралық байланыс | әдебиеттік оқу;<br>қол еңбегі, бейнелеу өнері;<br>айналадағы әлем. |
| Көрнекі құралдар | заттық, мазмұнды суреттер; кеспелі парақшалар; кестелер; АҚТ қолдану (интербелсенді тақта). |

## «Менің мектебім» ауыспалы тақырып бойынша технологиялық картаның үлгісі

| | |
|---|---|
| Буын және тасымал.<br>Әліпби.<br>Дауыссыз дыбыстар | мектеп туралы түсініктерін кеңейту;<br>дыбыс пен әріпті тану, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату;<br>әліпби ретін білу, тәжірибеде қолдану;<br>дауыссыз дыбыстардың түрлерін кесте арқылы көрсету. |
| Мазмұнды сурет | суреттер бойынша сөздер айту;<br>мазмұнды сурет, парақша, бейнекөрсетілім бойынша сөздерді табу;<br>топтық, жұптық тапсырмалар орындау, постер қорғау. |
| Ілеспелі қайталау | буын мен тасымалдың анықтамасын біледі;<br>жеке, жұптық жұмыс. |
| Сөздік және сөз тіркестері | тақырып бойынша сөздік жұмысы. |
| Пәнаралық байланыс | әдебиеттік оқу;<br>қол еңбегі, бейнелеу өнері;<br>айналадағы әлем. |
| Көрнекі құралдар | заттық, мазмұнды суреттер; кеспелі парақшалар; кестелер; АКТ қолдану (интербелсенді тақта). |

## «Менің отбасым және достарым» ауыспалы тақырып бойынша технологиялық картаның үлгісі

| | |
|---|---|
| Заттың атын, қимылын, сынын білдіретін сөздер | отбасы және достары жөнінде әңгімелеу;<br>заттың атын, қимылын, сынын білдіретін сөздердің анықтамасын айту;<br>заттың атын, қимылын, сынын білдіретін сөздердің түрлерін сұрақ қою арқылы тану, қайталау;<br>жетелеу сұрақтары арқылы сөз тіркестерін айту. |
| Мазмұнды сурет | суреттер бойынша сөздер айту;<br>мазмұнды сурет, парақша, бейнекөрсетілім бойынша сөздерді табу;<br>топтық, жұптық тапсырмалар орындау, постер қорғау. |
| Ілеспелі қайталау | заттың атын, қимылын, сынын білдіретін сөздердің анықтамасы, түрлерін біледі;<br>жеке, жұптық жұмыс. |
| Сөздік және сөз тіркестері | тақырып бойынша сөздік жұмысы. |
| Пәнаралық байланыс | әдебиеттік оқу;<br>қол еңбегі, бейнелеу өнері;<br>айналадағы әлем. |
| Көрнекі құралдар | заттық, мазмұнды суреттер; кеспелі парақшалар; кестелер; АКТ қолдану (интербелсенді тақта). |

## «Бізді қоршаған әлем» ауыспалы тақырып бойынша технологиялық картаның үлгісі

| | |
|---|---|
| Заттың санын білдіретін сөздер, түбірлес, мәндес, қарама-қарсы мағыналы, көп- мағыналы сөздер | қоршаған ортаға құрметпен қарау;<br>заттың санын білдіретін сөздердің анықтамасын білу;<br>сұрақтар қою арқылы заттың санын білдіретін сөздерді табу;<br>түбірлес, мәндес, қарама-қарсы мағыналы, көпмағыналы сөздерді айту. |
| Мазмұнды сурет | суреттер бойынша сөздер айту;<br>мазмұнды сурет, парақша, бейнекөрсетілім бойынша сөздерді табу;<br>топтық, жұптық тапсырмалар орындау, постер қорғау. |
| Ілеспелі қайталау | заттың санын білдіретін сөздер, түбірлес, мәндес, қарама-қарсы мағыналы, көпмағыналы сөздердің анықтамасын біледі;<br>жеке, жұптық жұмыс. |
| Сөздік және сөз тіркестері | тақырып бойынша сөздік жұмысы. |
| Пәнаралық байланыс | әдебиеттік оқу;<br>қол еңбегі, бейнелеу өнері;<br>айналадағы әлем. |
| Көрнекі құралдар | заттық, мазмұнды суреттер; кеспелі парақшалар; кестелер; АКТ қолдану (интербелсенді тақта). |

## «Саяхат» ауыспалы тақырып бойынша технологиялық картаның үлгісі

| | |
|---|---|
| Сөйлем түрлері (хабарлы, сұраулы, лепті)<br>Сөйлем мүшелері | саяхат туралы түсініктері кеңейді;<br>сөйлем, оның түрлерін ажыратады;<br>сөйлем бас әріптен басталып, соңына тыныс белгісі қойылатынын;<br>сөйлемнің айтылу мақсатына қарай, хабарлы, сұраулы, лепті сөйлем екенін;<br>сөйлемнің түріне қарай дауыс ырғағының өзгеруін;<br>мұғалімнің көмегімен сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдау. |
| Мазмұнды сурет | мазмұнды суретке қарап, хабарлы, сұраулы, лепті сөйлем жасай білу;<br>берілген сөйлемді сөйлемнің түріне қарай өзгерту. |
| Ілеспелі қайталау | сөйлем түрлерінің ережесін айтады;<br>сызбаның үлгісіне қарай сөйлем құрастырады. |
| Сөздік және сөз тіркестері | тақырып бойынша сөздік жұмысы жүргізіледі. |
| Пәнаралық байланыс | әдебиеттік оқу;<br>қол еңбегі, бейнелеу өнері;<br>айналадағы әлем. |
| Көрнекі құралдар | заттық, мазмұнды суреттер, ойыншықтар; кеспе әріптер, текшелер; сызбалар. |

## «Салт-дәстүр. Мерекелер» ауыспалы тақырып бойынша технологиялық картаның үлгісі

| | |
|---|---|
| Диалог.<br>Мәтін | салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мерекелерді дәріптейді;<br>диалогтің екі адам арасында айтылатынын айтады;<br>мәтіннің ережесін, жоспар құрады. |
| Мазмұнды сурет | суреттер бойынша сөздер айту;<br>сурет, парақша, бейнекөрсетілім бойынша сөздерді табу;<br>топтық, жұптық тапсырмалар орындау, постер қорғау. |
| Ілеспелі қайталау | диалог пен мәтіннің анықтамасын біледі;<br>жеке, жұптық жұмыс. |
| Сөздік және сөз тіркестері | тақырып бойынша сөздік жұмысы. |
| Пәнаралық байланыс | әдебиеттік оқу;<br>қол еңбегі, бейнелеу өнері;<br>айналадағы әлем. |
| Көрнекі құралдар | заттық, мазмұнды суреттер; кеспелі парақшалар; кестелер; АКТ қолдану (интербелсенді тақта). |

## «Тағам және сусын» ауыспалы тақырып бойынша технологиялық картаның үлгісі

| | |
|---|---|
| Дыбыс және әріп.<br>Сөз | тағам мен сусынды қолдану ережесін сақтайды;<br>дыбыс пен әріпті ажыратады;<br>сөздерге дыбыстық талдау жасайды. |
| Мазмұнды сурет | суреттер бойынша сөздер айту;<br>мазмұнды сурет, парақша, бейнекөрсетілім бойынша сөздерді табу;<br>топтық, жұптық тапсырмалар орындау, постер қорғау. |
| Ілеспелі қайталау | дыбыс пен әріптің анықтамасын біледі;<br>жеке, жұптық жұмыс. |
| Сөздік және сөз тіркестері | тақырып бойынша сөздік жұмысы. |
| Пәнаралық байланыс | әдебиеттік оқу;<br>қол еңбегі, бейнелеу өнері;<br>айналадағы әлем. |
| Көрнекі құралдар | заттық, мазмұнды суреттер; кеспелі парақшалар; кестелер; АКТ қолдану (интербелсенді тақта). |

## «Жаны саудың – дені сау» ауыспалы тақырып бойынша технологиялық картаның үлгісі

| | |
|---|---|
| Сөйлем түрлері.<br>Тіл дамытуға арналған жаттығулар | денсаулықтың маңызын түсінеді;<br>сөйлем, оның түрлерін ажыратады;<br>тіл дамыту жаттығуларын мұғалімнің көмегімен орындайды. |
| Мазмұнды сурет | мазмұнды суретке қарап, хабарлы, сұраулы, лепті сөйлем жасай білу;<br>берілген сөйлемді сөйлемнің түріне қарай өзгерту. |
| Ілеспелі қайталау | сызба арқылы сөйлемнің түрлерін ажырату;<br>сызбаның үлгісіне қарай сөйлем құрастыру. |
| Сөздік және сөз тіркестері | тақырып бойынша сөздік жұмысы жүргізіледі. |
| Пәнаралық байланыс | әдебиеттік оқу;<br>айналадағы әлем. |
| Көрнекі құралдар | заттық, мазмұнды суреттер, ойыншықтар; кеспе әріптер, текшелер; сызбалар. |

## Оқушының оқу жетістік картасы

І тоқсан Оқушының аты-жөні: ____________________

| № | Тарау | Күні | Білу | Түсіну | Қолдану |
|---|---|---|---|---|---|
| І | 1-бөлім.<br>**Өзім туралы**<br>Дыбыс дәне әріп.<br>Дыбыс және буын үндестігі.<br>Дауысты дыбыстар.<br>Жұп дауысты дыбыстар | | Өзі туралы сұрақтарға жауап береді.<br>Әріптерді таниды. Дыбыстарды айтады.<br>Буын үндестігі туралы түсінік алады.<br>Дауысты дыбыстың жуан және жіңішке айтылатынын біледі. Жұп дауысты дыбыстарды айтады. | Өзі туралы ауызша әңгіме құрастырады, өлеңдер, мақал-мәтелдердің мазмұнын түсінеді.<br>Жуан және жіңішке айтылатын сөздерді ажыратады. Үлгі арқылы сөздерге дыбыстық талдау жасай алады. Жұп дауысты дыбыстарды ажырата алады. | Өзі туралы шағын әңгіме құрастырады.<br>Өлеңдер, жаңылтпаштар жаттай алады.<br>Жуан және жіңішке айтылатын сөздерді дұрыс қолданады. Жуан және жіңішке жалғауларды дұрыс қолданады. |
| ІІ | 2-бөлім.<br>**Менің мектебім**<br>Буын және тасымал.<br>Әліпби.<br>Дауыссыз дыбыстар.<br>Я, Ю әріптерінің емлесі.<br>Ь – жіңішкелік белгісі.<br>Ъ – айыру белгісі.<br>Й, и әріптерінің жазылуы<br>В, ф дыбыстары мен әріптері. | | Мектеп, оқулықтар, оқу құралдары, оқушы ережесі, тәртібі туралы біледі.<br>Мұғалімнің көмегімен буын түрлерін ажыратады.<br>Дауыссыз дыбыстардың түрлерін біледі.<br>Дауысты және дауыссыз дыбыстардың емлесін біледі. | Мектеп ережелерін сақтайды. Мектеп туралы ауызша әңгіме құрастырады, өлеңдер, мақал-мәтелдердің мазмұнын түсінеді.<br>Сөздерді буынға бөледі, тасымалдай алады.<br>Дауысты және дауыссыз дыбыстардың емлесін түсініп, мысал келтіреді. | Мектеп туралы әңгіме құрастырып жазады. Мәтінге жоспар құрады. Сөздерді буынға бөле алады. Буын түрлеріне ажырата алады.<br><br>Дауысты және дауыссыз дыбыстардың емлесін түсініп, ауызша және жазбаша қолданады. |

II тоқсан Оқушы:

| № | Тарау | Күні | Білу | Түсіну | Қолдану |
|---|---|---|---|---|---|
| I | 3-бөлім.<br>**Менің отбасым және достарым**<br>Сөз. Заттың атын, қимылын, сынын білдіретін сөздер.<br>Бас әріптен жазылатын сөздер.<br>Жер-су аттары | | Отбасы мүшелерін және достарын біледі.<br>Заттың атын білдіретін сөздердің сұрақтарына жауап беріп, айта алады.<br>Заттың қимылын, сынын білдіретін сөздерге сұрақ қойып айтады. | Отбасы мүшелеріне және достарына қомқорлық жасайды, сыйлайды.<br>Заттың атын, қимылын, сынын білдіретін сөздердің анықтамасын біледі, мысал келтіре алады.<br>Бас әріптен жазылатын сөздерді, жер-су аттарын ажырата алады. | Отбасы мүшелеріне және достарына қомқорлық жасайды, сыйлайды.<br>Заттың атын, қимылын, сынын білдіретін сөздердің анықтамасын біледі, практика жүзінде қолдана алады.<br>Бас әріптен жазылатын сөздерді, жер-су аттарын біліп, қолданады. |
| II | 4-бөлім.<br>**Бізді қоршаған әлем**<br>Заттың санын білдіретін сөздер.<br>Түбірлес, мәндес, қарама-қарсы мағыналы, көпмағыналы сөздер | | Өзін қоршаған әлем туралы түсінігі бар.<br>Заттың санын білдіретін сұрақтарға жауап бере алады. Түбірлес, мәндес, қарама-қарсы, көпмағыналы сөздерді сөзден таба алады. | Өзін қоршаған ортада ұстай алады. Айналасындағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай біледі. Заттың санын білдіретін сөздерді табады.<br>Түбірлес, мәндес, қарама-қарсы, көпмағыналы сөздерге мысал келтіреді. | Қоршаған ортаны таза ұстайды, оған құрметпен қарайды. Заттың санын білдіретін, түбірлес, мәндес, қарама-қарсы, көпмағыналы сөздерді практикада қолдана алады. |

III тоқсан Оқушы:

| № | Тарау | Күні | Білу | Түсіну | Қолдану |
|---|---|---|---|---|---|
| I | 5-бөлім.<br>**Саяхат**<br>Сөйлем. Сөйлемнің түрлері.<br>Сөйлем мүшелері | | Саяхат туралы түсінік айта алады. Сөйлемнің түрлерінің ережесін біледі. Сөйлем мүшелеріне сұрақ қоя біледі. | Саяхаттың адам өміріне маңызын түсінеді. Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерге мысалдар келтіреді. Сөйлем мүшелеріне ажыратады. | Саяхатқа шығуды, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауды біледі. Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемді ажыратады. Хабарлы сөйлемді сұраулы, лепті сөйлемге айналдырады. Сөйлем мүшесіне талдай алады. |
| II | 6-бөлім.<br>**Салт-дәстүрлер.**<br>**Мерекелер.**<br>Диалог.<br>Мәтін | | Салт-дәстүр туралы түсінік қалыптасады. Диалогті рөлге бөліп оқиды. Мәтін мазмұнын айтады. | Салт-дәстүрдің, отбасылық мерекелердің адамға керек екенін түсінеді. Жұпта диалогпен сөйлеседі. Мәтінге ат қояды. | Салт-дәстүрді күнделікті өмірде қолданады. Жұбымен диалог құрайды, сұраққа толық жауап береді. Жоспар арқылы мәтіннің мазмұнын айта алады. Мәтіннің тақырыбы мен ойды анықтай алады. |

IV-тоқсан Оқушы:

| № | Тарау | Күні | Білу | Түсіну | Қолдану |
|---|---|---|---|---|---|
| I | 7-бөлім.<br>**Тағам және сусын**<br>(Жыл бойы өткенді қайталау)<br>Дыбыс және әріп.<br>Сөз | | Тағам және сусынның түрлерін атайды. Дыбыстар мен әріптерді атайды. Буын мен тасымалдың ережесін біледі. Сөз таптарын айтады. | Тағам мен сусынның адам өміріне қажеттілігін түсінеді. Сөздерге үлгіге қарап дыбыстық талдау жасайды. Сөздерді буынға бөліп тасымалдай алады. Сөз таптарына мысалдар келтіреді. | Тағам мен сусынның адамға пайдасын біліп қолданады.<br>Жаттығу жұмыстарын өз бетімен орындай алады. Сөздерге дыбыстық талдау жасап, буынға бөліп тасымалдай алады. Сұрақ қою арқылы сөз таптарына ажыратады. |
| II | 8-бөлім<br>**Дені саудың – жаны сау**<br>Сөйлем түрлері.<br>Тіл дамытуға арналған жаттығулар | | Денсаулықты сақтауды біледі. Сөйлем түрлерінің ережесін біледі. Берілген жаттығуларды көмек арқылы орындайды. | Денсаулықты сақтау қажеттілігін түсінеді.<br>Сөйлем түрлерін ажыратады.<br>Берілген жаттығуларды үлгі арқылы орындайды. | Денсаулықты сақтау үшін спортпен шұғылданады. Сөйлем түрлеріне сөйлемдер құрастырады. Берілген жаттығуларды өзбетімен түсініп орындайды. |

## Оқу мақсаттары бойынша күтілетін нәтиже (4-сынып)

| Бағдарламаның бөлімдері | Оқу мақсаттары | | |
|---|---|---|---|
| | Күрделіліктің 1-деңгейі | Күрделіліктің 2-деңгейі | Күрделіліктің 3-деңгейі |
| **Өзім туралы**<br>- Тіл және сөйлеу.<br>- Дыбыс дәне әріп.<br>- Дыбыс және буын үндестігі.<br>- Дауысты дыбыстар.<br>- Жұп дауысты дыбыстар. | 1) дыбыс пен әріпті таниды, қайталайды;<br>2) дауысты дыбыстарды ажыратады;<br>3) дауысты дыбыстардың түрлерін үлгі бойынша көрсетеді. | 1) дыбыс пен әріпті таниды, айтады;<br>2) дауысты дыбыстарды ажыратады, сөз ойлап табады;<br>3) үлгі бойынша дыбыстық талдау жасайды. | 1) дыбыс пен әріп тарауын толық меңгереді;<br>2) дыбыстық талдау жасай алады. |
| **Менің мектебім**<br>- Буын және тасымал.<br>- Әліпби.<br>- Дауыссыз дыбыстар.<br>- Я, Ю әріптерінің емлесі.<br>- Ь – жіңішкелік белгісі.<br>- Ъ – айыру белгісі.<br>- Й, и әріптерінің жазылуы.<br>- В, ф дыбыстары мен әріптері. | 1) мұғалімнің көмегімен сөздерді буынға бөледі, қайталайды;<br>2) буынның түрлерін атайды;<br>3) дауысты және дауыссыз дыбыстардың түрлерін үлгі бойынша көрсетеді. | 1) сөздерді буынға бөледі, буын санын анықтайды;<br>2) мұғалімнің көмегімен буынның түрлерін айтады;<br>3) дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады, сөз ойлап табады. | буын және буынның түрлерін тәжірибеде қолданады. |
| **Менің отбасым және достарым**<br>- Сөз. Заттың атын, қимылын, сынын білдіретін сөздер.<br>- Бас әріптен жазылатын сөздер.<br>- Жер-су аттары. | 1) заттың атын, қимылын, сынын білдіретін сөздердің анықтамасын айтады, қайталайды;<br>2) мысалға бір-екі сөз келтіреді. | 1) заттың атын, қимылын, сынын білдіретін сөздерге мысалдар айтады;<br>2) үлгі бойынша сөздерге мысал келтіреді. | сөз таптарының анықтамасын біледі; мысал келтіре алады; талдау жүргізе алады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Бізді қоршаған әлем**<br>- Заттың сынын білдіретін сөздер.<br>- Түбірлес, мәндес, қарама-қарсы мағыналы, көпмағыналы сөздер. | 1) заттың сынын білдіретін сөздерді қайталап айтады;<br>2) түбірлес, мәндес, қарама-қарсы мағыналы, көпмағыналы сөздерді қайталайды. | 1) заттың сынын білдіретін сөздерді мұғалімнің көмегімен айтады;<br>2) түбірлес, мәндес, қарама-қарсы мағыналы, көпмағыналы сөздерді мұғалімнің көмегімен ойлайды. | заттың сынын білдіретін сөздерге мысалдар келтіреді. |
| **Саяхат**<br>- Сөйлем. Сөйлемнің түрлері.<br>- Сөйлем мүшелері. | 1) мұғалімнің көмегімен сызба бойынша сөйлем құрайды;<br>2) сөйлем мүшелерінің түрлерін қайталап айтады. | 1) сөйлемнің анықтамасын біледі, сөйлем құрастыра алады, түрлерін ажырата алады;<br>1) сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерін ажыратып, үлгі бойынша талдау жүргізеді. | өзбетімен сөздерден мысалдар келтіреді, талдайды, сұрақтар қояды. |
| **Салт-дәстүрлер.**<br>**Мерекелер**<br>- Диалог.<br>- Мәтін. | 1) әртүрлі тақырыпта сұрақтарға жауап беру арқылы, әңгімеге араласады;<br>2) суреттер бойынша сұраққа жауап береді;<br>3) сыныптасымен шағын диалог жүргізеді. | 1) әңгімеге белсенді араласады, сұрақтарға жауап береді;<br>2) тірек сөздер, мазмұнды суреттер, ілеспелі суреттер бойынша мәтін құрастырады;<br>3) әртүрлі тақырыпта диалог жүргізеді. | 1) жоспар, тірек сөздер бойынша шағын мазмұндама жаза алады;<br>2) әртүрлі мәтін түрлеріне сипаттама бере алады;<br>3) диалогке өз бетімен қатысады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Тағам және сусын**<br>- Дыбыс және әріп.<br>- Дауысты және дауыссыз дыбыстар.<br>- Буын және тасымал.<br>- Заттың атын, заттың қимылын, заттың сынын, заттың санын білдіретін сөздер. | 1) дыбыс және әріптің анықтамасын таниды, айтады;<br>2) сөз таптарының анықтамасын таниды, қайталайды;<br>3) жетелеу сұрақтары арқылы сөз таптарының түрлерін айтады. | 1) дыбыс пен әріптің анықтамасын айтады, мысал құрастырады;<br>2) сөз таптарының анықтамасын мұғалімнің көмегімен қайталайды. | 1) дыбыс пен әріпке мысалдар келтіреді, дыбыстық талдау жасайды;<br>2) сөз таптарына мысалдар келтіріп, сұрақтар қояды. |
| **Дені саудың – жаны сау**<br>- Сөйлем түрлері.<br>- Тіл дамытуға арналған жаттығулар. | 1) сөйлем түрлерінің анықтамасын таниды;<br>2) жаттығуларды жазады. | 1) сөйлем түрлеріне мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіреді;<br>2) жаттығу жұмыстарын орындайды. | сөйлем және сөйлемнің түрлерін біледі, тәжірибеде қолдана алады. |

________________________________________

*(арнайы білім беру ұйымының атауы)*

## Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар

**Тасымал**

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Ауыспалы тақырып** | Өзім туралы | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 4.1.4.5 бір буыннан, көп буыннан тұратын сөздерді тасымалдау. | |
| **Сабақ мақсаттары** | Барлық оқушылар тасымал жасауды тәжірибе жүзінде көрсетіп түсіндіреді, мұғалімнің көмегімен қателерін тауып түзейді.<br>Көптеген оқушылар тасымалдауға болмайтын сөздерді ажыратады, жіберілген қателерді өз бетімен түзейді.<br>Кейбір оқушылар тасымалдауға болмайтын сөздердің ерекшеліктерін атайды, сөйлемнен тауып, дәлелді түрде түсіндіреді. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Тілдік мақсаттар** | Пәнге тән лексика мен терминология.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстар, буын, тасымал.<br>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер.<br>Буын дегеніміз не?<br>Тасымал дегеніміз не?<br>Екі, үш, төрт буынды сөздерді қалай тасымалдайды?<br>Тасымалдауға болмайтын сөздерді айт. | | | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Ынтымақтастық – жеке және топта жұмыс жүргізе отырып ынтымақтастыққа баулу.<br>Құрмет – өзара сыйластыққа баулу. | | | |
| **Пәнаралық байланыс** | Айналадағы әлем – тапсырма орындау кезінде *Отан, қала, мектеп* сөздерін түсіндіру.<br>Оқу, тіл дамыту – байланыстырып сөйлеу дағдысы дамиды. | | | |
| **Бастапқы білім** | Буынға бөлуді біледі. | | | |
| | | **Сабақ барысы** | | |
| **Сабақтың кезеңдері** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушылардың әрекеттері** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы**<br><br>**3 мин** | Ширату<br>*«Адасқан әріптер» ойыны*<br>**Топқа бөлу**<br>Сабақ мақсатымен таныстыру.<br>– Бүгінгі сабағымызда тасымал дегеніміз не? Қандай сөздер тасымалданбайды? деген сұрақтарға жауап іздейміз. | Сабаққа дайындалады. Топқа бөлінеді.<br>Сыныптағы оқушылар кеспеәріптерді алады. Сол әріптерден сөздер құрайды. Сол сөздер арқылы топқа бөлінеді. | | Кеспеәріптер |
| **Сабақтың ортасы** | Жаңа сабақ. «Бейнекөрсетілім», «Тасымал».<br>Тапсырма. Сендердің есімдеріңді қалай тасымалдауға болады? Алдарыңдағы кеспеәріптермен тасымалдап көрсетіңдерші. | Буындардан көршісін тауып, сөз құрастырады.<br>Тасымалдап жазады. | | Интербелсенді тақта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **5 мин**<br><br>**3 мин**<br><br><br><br><br><br><br><br><br>**9 мин**<br><br><br><br>**2 мин**<br><br><br><br><br>**5 мин** | Сонымен, тасымал дегеніміз не?<br>Қандай сөздер тасымалданбайды?<br>Тасымалданатын буынның алдынан не қойылады?<br>Ұжымдық жұмыс. «Мұғалімнің қатесін тап» ойыны.<br>Ан-а, бал-а, мект-еп, о-қы, құр-ал, өш-іргіш, пен-ал.<br>Сонымен, қандай ереже шығарамыз?<br>Бір жолға сыймаған сөздерді буынға бөліп, келесі жолға жазуды тасымал дейміз. Тасымалданатын буыннан бұрын дефис (-) қойылады.<br>Жалғыз дауысты дыбыстан болған буынды бөліп тасымалдауға болмайды.<br>Жалғыз әріпті жаңа жолға ауыстырмайды.<br>1-тапсырма.<br>Көршісін тауып сөз құрастыру.<br>1-топ. Өне-ге, әде-биет, орын-дық, ине-лік, ала-са,<br>2-топ. Ұмыт-шақ, қа-тық, ай-ран, кө-же, қай-мақ.<br>*3. Дәптермен жұмыс.*<br>**Сергіту сәті**<br>1. Гүлдер өседі – баяу музыка ойнайды.<br>2. Гүлдер желмен тербеледі<br>3. Гүлдер алаңқайға шашылады.<br>*ҚБ: «Жасыл қалам»*<br>Жұптық жұмыс. *«Шнуровка» әдісі.*<br>*Орындау жылдамдығы бойынша саралау.*<br>1. Барлығына бірдей тапсырма. Жұптарға тасымалданатын және тасымалданбайтын сөздер беріледі. | Топтық жұмыс. «Көршісін тап» ойыны.<br>Дереккөз бойынша саралау.<br>Критерий:<br>Тасымал жасауды тәжірибе жүзінде көрсетіп түсіндіреді.<br>Дәптермен жұмыс жасайды.<br>Құрастырған сөзді тасымалдап жазады.<br>1-топ. Өне-ге, әде-биет, орын-дық, ине-лік, ала-са.<br>2-топ. Ұмыт-шақ, қа-тық, ай-ран, кө-же, қай-мақ.<br>Сергіту жаттығуларын орындайды.<br>1. Балалар жүресінен отырып, ақырындап көтеріле бастайды, жайлап қолдарын жоғары көтереді.<br>2. Балалар музыка ырғағымен тербеледі, жайлап айналады.<br>3. Балалар жеңіл музыка ырғағымен жайлап жан-жаққа жүгіреді, тоқтап, бастарын шайқайды.<br>Тапсырмаларды орындайды. | | Кеспе-әріптер<br><br><br><br><br><br>Қате буындар<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Буындар жазылған кестелер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **5 мин** | Сөздер: *ана, Отан, бала, қала, мектеп, Алматы, Орал, Ақтөбе.*<br><br>**тасымал-данады** \| **тасымал-данбайды**<br><br>2. Қосымша тапсырма.<br>Неліктен тасымалдауға болмайтынын дәлелде.<br>*ҚБ «Жұбыңды тексер» әдісі.*<br>Тапсырманы дұрыс, қатесіз орындады.<br>Сөздерді неге тасымалдауға болмайтынын дәлелдеді.<br>Топтық жұмыс. «Мнемокесте» құрастыру. Нәтиже бойынша саралау.<br>*Оқулықпен жұмыс.*<br>1-тапсырма. Суреттер беру арқылы «Ана» өлеңінің бірінші шумағына «Мнемокесте» жасау беріледі.<br>**Ана**<br>Ана – біздің Күніміз,<br>Ана – біздің гүліміз.<br>Анамыздан тарайды –<br>Біздің ана тіліміз.<br>2-тапсырма.<br>Дайын «Мнемокесте» бойынша өлеңді жатқа айт.<br><br>ҚБ: «Гүл сыйлау» әдісі.   | Дұрыс тасымалданған сөздерді табады, + белгісін қояды.<br>Бұрыс тасымалданған сөздерді тауып, – белгісін қояды. | | Шнуров-камен дайын-далған кестелер<br><br>Суреттер, маркер, қағаз.<br><br>Рау-шангүл, түймедақ гүлі.<br>Семан-тикалық карта |

<table>
<tr>
<td>3 мин</td>
<td>Раушан гүлі – өте жақсы.<br>Түймедақ гүлі – әлі де толықтыру керек.<br>Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма.<br>Тапсырма: Семантикалық картада берілген тапсырманы «+», «-» таңбасы арқылы толтыр.<br>
<table>
<tr><th></th><th>Дұрыс</th><th>Бұрыс</th></tr>
<tr><td>Бал-дырған</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Та-мақ</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Құлын-шақ</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Жолб-арыс</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Түл-кі</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қуы-ршақ</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Мыс-ық</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Кі-тап</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Мек-теп</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Мұғ-алім</td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Тасымал жасауды тәжірибе жүзінде көрсетіп түсіндіреді, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажыратады, жіберілген қателерді өз бетімен түзейді.</td>
<td></td>
<td rowspan="2">Ламинатталған сөздер<br><br>Пойыздың суреті<br><br>Конфеттер</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br><br>5 мин</td>
<td>- Бір жолға сыймаған сөздерді буынға бөліп, келесі жолға жазуды тасымал дейміз.<br>- Тасымалданатын буыннан бұрын дефис (-) қойылмайды.<br>- Жалғыз дауысты дыбыстан болған буынды бөліп тасымалдауға болмайды.<br>- Жалғыз әріпті жаңа жолға ауыстыр.<br>Рефлексия «Пойыз» әдісі.<br>Кім қандай пойызға отырады?</td>
<td>Қорытынды. «Иә», «жоқ» әдісі ламинатталған беттерге жазылған сөздер көрсетіледі.<br>
<table>
<tr><td>ИӘ</td></tr>
<tr><td>ЖОҚ</td></tr>
</table>
Жасыл – түсіндім, басқаларға түсіндіре аламын.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **Қызыл** – түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын.<br>**Сары** – түсінген жоқпын.<br>Бүгінгі сабағымызға жақсы қатысқандарыңыз үшін алыстан пойызбен әкелінген қораптың ішінде сендерге арналған «Тосын сый» бар. | | |

______________________________

*(арнайы білім беру ұйымының атауы)*

## Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар

**Заттың атын білдіретін сөздер**
*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Ауыспалы тақырып** | Менің мектебім | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 4.2.1.2 затты жеке және топтап айта білу (алма, өрік, алмұрт – жемістер). | |

| | |
|---|---|
| **Сабақ мақсаттары** | Барлық оқушылар: заттың атын білдіретін сөздерді ажыратады, жазады, мұғалімнің көмегімен қателерді түзейді.<br>Көптеген оқушылар: заттың атын білдіретін сөздерге тиісті сұрақ қойып жазады, өз бетімен қателерін түзейді.<br>Кейбір оқушылар: заттың атын білдіретін сөздерді пайдаланып сөйлем құрастырып жазады. |
| **Тілдік мақсаттар** | *Пәнге тән лексика мен терминология:*<br>Заттың атын білдіретін сөздер.<br>Кім? не? – Оқушы, мектеп, дәрігер, асхана, кітап, доп.<br>*Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:*<br>1) Кім? не? сұрақтарына қандай сөздер жауап береді?<br>2) Суретте ненің суреттері бейнеленген?<br>3) Бұлар қандай сұраққа жауап береді. |
| **Құндылықтарды дарыту** | Ынтымақтастық – ширату, ассоциация, жеке және топта жұмыс жүргізе отырып, ынтымақтастыққа баулу.<br>Шығармашылық – хабарландыру айту барысында. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Айналадағы әлем – тапсырма орындау кезінде мамандық иелерін, туыстық атаулар атайды.<br>Оқу, тіл дамыту – байланыстырып сөйлеу дағдысы дамиды. |
| **Бастапқы білім** | Заттардың атын атай алады. |

**Сабақ барысы**

| Сабақтың кезеңдері | Педагогтің әрекеті | | Оқушылардың әрекеттері | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>**5 мин** | Ширату. Топқа бөлу: «Кім? Не?»<br>*Әртүрлі мамандықтағы адамдардың суреті*<br>Бұл сөздер нені білдіреді? Сабақ мақсатымен таныстыру. | *Әртүрлі оқу құралдарының суреттері* | Сурет бойынша оқушылар кім? не? сұрақтары бойынша топқа бөлінеді.<br>Сабаққа дайындалады. | | Мұғалім, оқушы, кітап, дәптер, қалам, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - Бүгінгі сабағымызда заттың атын білдіретін сөздер туралы;<br>- зат есімдердің қандай сұрақтарға жауап беретіні туралы әңгімелейміз. | | | сызғыш, кітапханашы, аспаз суреттері<br><br>Суреттер<br><br>Суреттер, сөздер<br><br>БАҒАЛАУ<br>☆ – бес<br>□ – төрт<br>△ – үш |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**5 мин**<br><br><br><br><br><br><br><br>**3 мин**<br><br><br><br>**6 мин** | Жаңа сабақ.<br>*Топтық жұмыс «Ассоциация».*<br>*Нәтиже бойынша саралау.*<br>Критерий: заттың атын білдіретін сөздерді ажыратады, сұрақтарға жауап береді.<br>Тапсырма: алдарыңыздағы суреттерге мұқият қарап, атауын ата, сұрақ қойып, топтастыр.<br><br>**Кім? Кімдер?**    **Не? Нелер?**<br><br>ҚБ: Мұғалімнің бағалауы.<br>Ұжымдық ереже шығару<br><br>*Заттың атын білдіретін сөздерді зат есім дейміз. Зат есімдерге кім? кімдер? не? нелер? деген сұрақ қойылады.*<br><br>Жұптық жұмыс. «Ақиқат, жалған» ойыны.<br>Қарқын бойынша саралау.<br>**Ақиқат Жалған**<br>1-тапсырма. Ортада «ақиқат, жалған» кестесі тұрады.<br>Аспаз, кітапхана, дәрігер, домбыра, қалам, доп, мектеп, глобус<br>*кім? не?* | 1-топ кім? кімдер? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді топтап жазады.<br>2-топ не? нелер? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді топтап жазады.<br>- Заттардың атауын дұрыс атайды.<br>- Кім? кімдер? сұрақтарына жауап беретін сөздерді қатесіз табады.<br>- Не? нелер? сұрақтарына жауап беретін сөздерді қатесіз табады.<br><br>Тапсырмаларды орындайды. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 мин<br><br>3 мин<br><br>6 мин | 2-тапсырма. Оқулықпен жұмыс.<br>Сұрақ қоя аласың ба? Суретте берілген сөздерге сұрақ қой.<br>Ол кім? Ол – оқушы. Ол кім?<br>Ол – мұғалім.<br>Ол кім? Ол – аспаз.<br>Ол не? Ол – кітап.<br>Ол не? Ол – сынып.<br>Ол не? Ол – доп.<br>Ол не? Ол – кітапхана.<br>Ол не? Ол – тақта.<br>ҚБ *«Жұпта өзара»*<br>1 қате – жұлдызша<br>2 қате – төртбұрыш<br>3 қате – үшбұрыш<br>*Дәптермен жұмыс.*<br>*Нәтиже бойынша саралау.*<br>1-тапсырма. Тиісті әріпті жазып, суретпен сәйкестендіріп белгіле.<br>мұға...ім оқу...ы, кітапха...а,<br>л ш н<br>сы...ып, та...та<br>н қ<br>Кейбір оқушыларға тапсырма. Жұптасып, осы сөздермен сөйлем құрастыру.<br>Оқушы, мұғалім, кітапхана, сынып, тақта.<br>ҚБ «Цукерман таяқшасы» әдісі.<br>Өзін-өзі бағалау (мұғалімнің дұрыс жауабы бойынша). | Тақырыптарды орындайды.<br>Жеке жұмыс. «Жоғалған әріп» ойыны.<br>Сөздерді қатесіз жазады.<br>Заттың атын білдіретін сөздерді ажыратады.<br>Заттың атын білдіретін сөздерді тауып жазады. | | Суреттер, сөздер<br><br>«Цукерман таяқшасы» әдісінің карточкасы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Сергіту сәті.*<br>Бала, бала, балақан,<br>Кәне, қайсы алақан?<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай, былай ойнат.<br>Жұптық жұмыс. *«Жүгірмелі диктант» әдісі.*<br>*Ұстаз, оқулық, дәрігер, кітапханашы, қалам, аспаз.*<br>Сұрақ қой. Сонымен заттың атын білдіретін сөздерді қалай айтамыз? Олар қандай сұрақтарға жауап береді?<br>ҚБ «Оқу құралдары».<br>кітап – қатесіз, қалам – қате бар.<br><br>Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма.<br>Тапсырма: Заттың атын білдіретін сөздерді тауып жаз.<br>*Мысық, көк, жылады, Алматы, сынып, апарды, гүл, биік, құмыра, кітап, оқыды, бөлме, мұғалім, бала, қыз, ата, домбыра.* | Рефлексия «Жапондық бағалау» әдісі.<br><br>Дұрыс, келісемін<br><br>Толықтырамын, басқа көзқарасым бар<br><br>Менің сұрағым бар | | |
| **Сабақтың соңы**<br>**5 мин** | Қорытынды. Ұжымдық жұмыс.<br>*«Серпілген сауал» әдісі.*<br>Доп лақтыру арқылы сұрақ қойып, жауап аламыз.<br>- Заттың атын білдіретін сөздер айтамыз.<br>- Кім? кімдер? сұрақтарына сөздер айтамыз.<br>- Не? нелер? сұрақтарына сөздер айтамыз. | | | |

______________________________

*(арнайы білім беру ұйымының атауы)*

## Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар

**Заттың сынын білдіретін сөздер**

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Ауыспалы тақырып** | Менің отбасым және достарым | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 4.2.4.1 мәтіннен әртүрлі мағыналы сипат сөздерді табу, жазу. | |
| **Сабақтың мақсаттары** | Барлық оқушылар: Заттың сынын білдіретін сөздерді ажыратады. Тақырыпқа байланысты керекті сөздерді қолдана отырып, сөйлем құрастырады, жазады.<br>Көптеген оқушылар: Заттың сынын білдіретін сөздерді тауып, оларға сұрақ қояды, сөйлемдер құрастырады.<br>Кейбір оқушылар «Мәтіннің мазмұнын» тақырыбы бойынша болжайды. Жол аралық кеңістіктерді сақтай отырып, каллиграфиялық талаптарға сай жазады. | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу.<br>Жеке және топта жұмыс жасай алу, ынтымақтастық. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Пәнаралық байланыс** | Айналамен таныстыру, математика. | | | |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу. | | | |
| **Тілдік құзыреттілік** | Қандай? сұрағына жауап беретін сөздерді біледі. | | | |
| **Сабақ барысы** | | | | |
| **Сабақтың кезеңдері** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушылардың әрекеттері** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы**<br>**2 минут**<br><br><br><br>**2 минут** | (ҰЖ) Психологиялық дайындық.<br>**Күн шуағы**<br>Қол ұстасып бәріміз,<br>Жылылықты сезейік.<br>Шуақ шашқан күндей боп,<br>Күлімсіреп жүрейік.<br>– Балалар, көңіл күйлерің қалай?<br>– Керемет! (бас бармақпен көрсету)<br>– Сабаққа дайындықтарың қалай?<br>– Тамаша! (алақандарын шапалақтау)<br>– Ынталарың қалай? – Ғажап! (қол көтеру)<br>***ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау.***<br>**Алтын ереже:**<br>Бір-бірімізді тыңдай білу.<br>Сабаққа белсенді қатысу.<br>Ұйымшыл болу.<br>Қол көтеру.<br>Көмек беру. | Топқа бөлінеді.<br>Оқушылар шашылған көгөніс суреттерін таңдап ала отырып 3 топқа бөлінеді (қияр, қызанақ, қауын).<br>Топ басшысын сайлайды.<br>Топ басшысы өз тобындағы оқушыларды бағалайды.<br> | | <br>Қимылдар арқылы көрсету<br><br>Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы**<br>**8 минут**<br><br>**3 минут** | 1-тапсырма. (ҰЖ) Сөзжұмбақ шешу.<br>– Балалар, ерекше торкөзден қандай сөз шықты?<br>*СЫН ЕСІМ*<br>Олай болса, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Сын есім» деп аталады.<br>(ҰЖ) Ой қозғау.<br><br>– Балалар, мынау не?<br>– Алма.<br>– Иісі қандай?<br>– Жұпар иісті, жағымды.<br>– Пішіні қандай?<br>– Домалақ.<br>– Түсі қандай?<br>– Қызыл.<br>Яғни, біз бір заттың сындық ерекшеліктерін атадық.<br>Ереже шығарайық.<br>Сын есім қандай? қай? сұрақтарына жауап береді.<br>Интербелсенді тақтадан «Сын есім» тақырыбындағы бейнефильмді көрсетеді.<br>Заттың сынын, сапасын, түрін, пішінін білдіретін сөздерді сын есім дейміз. | 1. Барлығы сөзжұмбақтың шешуін табады.<br>2. Сөзжұмбақ шешу арқылы сын есім сөзін шығарады. | | Суреттер интернет көзде-рінен алынды. Сөзжұм-бақ<br><br>Суреттер ин-тернет көзде-рінен алынды |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **10 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Сергіту сәті**<br>**2 минут** | 2-тапсырма. (ТЖ). Берілген сын есімдерге сай келетін затты тап.<br>*«Топтастыру» әдісі.*<br>Қиярлар тобы<br>Қызанақтар тобы<br><br>*Қауындар тобы*<br><br>3-тапсырма. «Сұрыптау»<br>«Дұрыс» – «Дұрыс емес» ойыны.<br>*Қиярлар тобы*<br>1. Заттың түсін, көлемін, салмағын, дәмін, пішінін білдіретін сөздер сын есім деп аталады.<br>Дұрыс ----- Дұрыс емес. | Тапсырмаларды орындайды. Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Берілген сын есімдерге сай келетін затты табады.<br>Бейнетаспа арқылы әуенмен қимыл-қозғалыс жасап сергіту.<br>*Қызанақтар тобы.* «Сәйкес жалғасын табу» ойыны.<br>Ұзын Қысқа<br>Қатты Жеңіл<br>Ауыр Жаман<br>Ащы Жұмсақ<br>Жақсы Тәтті | | Сергіту сәтіне арналған бейнематериал |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>5 минут | 2. Сын есімдерге қалай? қайтіп? деген сұрақтар қойылады.<br>Дұрыс ----- Дұрыс емес.<br>3. Сын есімдер негізгі және туынды болып екіге бөлінеді.<br>Дұрыс ------- Дұрыс емес.<br>4. Түбір сөзден болған сын есімдер туынды сын есімдер деп аталады.<br>Дұрыс ------- Дұрыс емес.<br>5. Туынды сын есімдер түбірге -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті, -сыз, -сіз, -ғыш, -гіш, -қыш, -кіш т.б жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.<br>Дұрыс -------- Дұрыс емес.<br>4-тапсырма.<br>Жеке жұмыс – сараланған<br>Тапсырма<br>Мәтінді қатесіз, түсініп оқы. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.<br><br>**Мол өнім**<br>Қанаттың атасы – бағбан. Бірде ол баққа алма ағашын отырғызды. Қанат атасына көмектесті. Алма ағашы жайқалып өсе бастады. Бірақ алма ағашында зиянды құрттар пайда болды.<br>Атасы құрттарға қарсы дәрі шашты.<br>Жаз соңында Қанат пен атасы алмадан мол өнім алды. | *Қауындар тобы.*<br>«Артығын алып тастау» ойыны.<br>Қисын бойынша артығын тауып, жауаптар қорабына салу<br>1. Ақылды, күшік, қызыл, жұмсақ.<br>2. Мектеп, сары, қара, домалақ.<br>3. Қысқа, ұзын, әже, тәтті.<br>4. Жақсы, ащы, жеңіл, бала.<br>5. Әдемі, қыз, үлкен, ауыр.<br><br>Әр топтың топ басшылары бағалайды.<br>Мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.<br>Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастырып жазады. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1. Қанаттың атасы кім?<br>A) егінші<br>B) бағбан<br>C) диқан<br>D) бақшашы<br>2. Алма ағашына нелер зиян келтірді?<br>A) қарғалар<br>B) құрттар<br>C) торғайлар<br>D) дәрілер<br>Мәтін бойынша екі сұрақ құрастырып жазыңыз. | | | |
| **Сабақтың соңы 3 минут** | Рефлексиялық жаттығу.<br>*Сөздерді оқу. Осы сөздердің тиістісін пайдаланып, сыныптағы бір оқушыға мінездеме бер.*<br>Әдепті, мейірімді, жалқау, ұқыпты, дөрекі, үздік.<br>**КЕРІ БАЙЛАНЫС**<br>Егер саған сабақ ұнаса және тапсырманың барлығын сәтті орындаған болсаң, желкенді ***жасыл түске*** боя;<br>Егер сен сабақта белгілі бір қиындықты кездестірген болсаң, желкенді ***сары түске*** боя;<br>Егер саған сабақ барысында тапсырмаларды орындау қиын, болып, мұғалімнің көмегі қажет болса, желкенді ***қызыл түске*** боя.<br> | *Дәптерлеріне жазады.* | | |

_______________________________

*(арнайы білім беру ұйымының атауы)*

## Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар

**Қарама-қарсы мағыналы сөздер**

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Ауыспалы тақырып** | Бізді қоршаған әлем | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | Қарама-қарсы мағыналы сөздердің мағынасын түсіну, қолдану, анықтай білу. | |
| **Сабақтың мақсаттары** | Қарама-қарсы мағыналы сөздерді біледі;<br>қарама-қарсы сөздердің мағынасын анықтай алады;<br>қарама-қарсы сөздерді түсінеді, заттарды қолдану арқылы салыстырып анықтап дәлелдейді. | |
| **Бағалау критерийлері** | Қарама-қарсы мағыналы сөздерді біледі;<br>қарама-қарсы сөздердің мағынасын анықтайды;<br>қарама-қарсы сөздерді түсінеді, заттарды қолдану арқылы салыстыра алады. | |

| | |
|---|---|
| **Тілдік құзыреттілік** | Пәнге тән лексика мен терминология:<br>- Суретте бейнеленген заттарды ата.<br>- Қарама-қарсы сөздердің мағынасын ажырат.<br>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:<br>- Қарама-қарсы сөздерді анықта.<br>- Қандай қарама-қарсы сөздер екенін айт? |
| **Құндылықтарды дарыту** | Ынтымақтастық – сыныпта жұмыс істеу арқылы оқушылар бір-бірін тыңдайды, құрметтейді. |
| **Пәнаралық байланыс** | Музыка – жағымды көңіл күй орнату.<br>Денешынықтыру – ширатуда. |
| **Бастапқы білім** | Суреттегі заттардың атауын атайды. |

**Сабақ барысы**

| Сабақтың кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушылардың әрекеттері | Бағалау | Ресурстар: |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**5мин** | Ұжымдық жұмыс: Ширату.<br>– Екі көз не үшін керек?<br>– Жақсыларды көру үшін керек.<br>– Екі құлақ не үшін керек?<br>– Ақыл-кеңес тыңдау үшін керек.<br>– Екі қол не үшін керек?<br>– Елге көмек жасау үшін керек.<br>– Екі аяқ не үшін керек?<br>– Туған жерге жету үшін керек.<br>ҚБ: Мұғалімнің қолдау көрсетуі.<br>«Жарайсың!», «Керемет!», «Тамаша!» | Сабаққа дайындалады.<br>Заттарды анықтап айтады;<br>Қарама-қарсы сөздерді анықтайды.<br>ҚБ: «Үш шапалақ» әдісі арқылы бір-бірін бағалайды.<br>Оқушылар қарама-қарсы сөздердің мағынасын ажыратады; | | |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы 15мин<br><br>3 мин<br><br>10 мин</td>
<td>«Ой қозғау» әдісі (бейнекөрсетілім тамашалау).<br>Қарама-қарсы мағыналы сөздер.<br>Бүгінгі оқу мақсатымыз:<br>4.2.5.3 қарама-қарсы мағыналы сөздердің мағынасын түсіну, қолдану, анықтай білу.<br>Ұжымдық жұмыс: «Заттарды анықта» әдісі.<br>Тапсырма:
<table>
<tr><td>Жіңішке, жалпақ ленталардың суреті</td><td>Қалың, жұқа кітаптардың суреті</td><td>Жуан, жіңішке қарындаштардың суреті</td><td>Биік, аласа үйлердің суреті</td></tr>
</table>
ұзын жұқа аласа қалың<br>биік жуан қысқа кіші<br>жіңішке үлкен<br>- Үстелдің үстіне әртүрлі үлкен, кіші, жуан, ұзын, жіңішке, қалың, жұқа заттар қойылады. (қалың кітап, жұқа кітап, ұзын сызғыш, қысқа сызғыш, жуан жіп, жіңішке жіп т.б)<br>Жұптық жұмыс. «Сәйкестендіру» әдісі.<br>Тапсырма:<br>Бірінші қатардағы сөздерге екінші қатардан қарама-қарсы мағыналы сөздерді тауып сәйкестендіріп оқу.</td>
<td>Қарама-қарсы сөздерді оқи алады.<br>ҚБ: «Жұлдызша» беру арқылы жұптар бір-бірін бағалайды.<br>Берілген тапсырмаларды орындайды.</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Тар – кең жас – кәрі<br>қалың – жұқа кіру – шығу<br>көшу – қону жұмсақ – қатты<br>ұзын – қысқа биік – аласа<br>Бағалау критерийі:<br>Жеке жұмыс:<br>Дәптермен жұмыс: Сәйкестендірген сөздерді жаз. | | | |
| **Сабақтың соңы 7мин** | Қорытынды. «Иә», «жоқ» әдісі.<br>Тақырыпқа сай сөздер айту.<br>**Рефлексия «Бағдаршам»**<br><br>толық түсіндім<br>сұрағым бар<br>түсінбедім | Дұрыс жауап болса, «иә», бұрыс жауап болса, «жоқ» деп жауап береді. | | |

_______________________________

*(арнайы білім беру ұйымының атауы)*

## Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар

**Дауыссыз дыбыстар**

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Ауыспалы тақырып** | Менің мектебім | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 4.1.6.1 қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды әртүрлі жаттығуларда, тапсырмаларда орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс қолдану. | |
| **Сабақ мақсаттары** | Барлық оқушылар әріпті таниды, ажыратады, оны дыбыспен сәйкестендіреді және әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазады.<br>Көптеген оқушылар жаңа әріпке байланысты сөздерді буынға бөледі, сөйлем құрайды.<br>Кейбір оқушылар сюжетті сурет бойынша әңгіме құрып, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды. | |
| **Бағалау критерийлері** | Әріптерді таниды және дыбыспен сәйкестендіріп оқиды. | |
| **Тілдік мақсаттар** | Пәнге тән лексика мен терминология:<br>Отбасы – семья<br>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөз тіркестері: | |

| | |
|---|---|
| | 1. Отбасы мүшелеріне кімдер жатады?<br>2. Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады?<br>3. Дауыссыз дыбыстың қандай түрлері бар? |
| **Құндылықтарды дарыту** | Құрмет – отбасын сыйлауға, үлкендерді құрметтеуге баулу.<br>Қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік – өз Отанына, отбасына деген мақтаныш сезімін ұғыну жағдайлары үлгі болады.<br>*Ынтымақтастық* – ұжымда жұмыс дағдыларын құру;<br>- сыйластық атмосферасын құру сынып, мектеп, жергілікті қоғамдастық төңірегіндегі ынтымақтастық. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Әдебиеттік оқу: сөз, сөйлем құраған кезде<br>Музыка: сергіту сәтін орындау<br>Математика: ширату |
| **Бастапқы білім** | *Отбасы, достар* туралы жалпы түсініктері бар. |

**Сабақ барысы**

| Сабақтың кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушылардың әрекеттері | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>**5 мин** | Ширату<br>Үлкенге де сіз,<br>Кішіге де сіз.<br>Сәлем бердік бәріңізге –<br>Құрметпенен біз!<br>**«Сұрақ қою» әдісі.**<br>– Дыбыс дегеніміз не?<br>– Әріп дегеніміз не?<br>– Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>– Дауысты дыбыстар қалай айтылады? | Оқушылар геометриялық фигураларда жазылған сөздер арқылы 4 топқа бөлінеді.<br>I топ – ата II топ – әже<br>III топ – әке IV топ – ана | | Отбасы суреті |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | – Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады?<br>– Балалар дыбыстардан не құраймыз?<br>– Буын.<br>– Буыннан не құраймыз?<br>– Сөз.<br>– Сөзден не құраймыз?<br>– Сөйлем<br><br>**Сабақ мақсатын хабарлау:** жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазамыз. | Сұрақтарға жауап береді | | Доптың суреті<br> |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**3 мин**<br><br><br><br><br><br><br><br><br>**2 мин**<br><br><br><br>**3 мин** | **Кім тапқыр?» әдісі.** Жұмбақ жасыру арқылы сабақ тақырыбын ашу.<br>Жұмбақ:<br>Қалқиған екі құлағы,<br>Елеңдеп қорқып тұрады. *(Қоян)*<br>Қыс бойына жатады,<br>Тәтті ұйқыға батады. *(Қонжық)*<br>Аузы бейне шалғы, орақ,<br>Шөп емес, бірақ мал орады. *(Қасқыр)*<br>Дауыссыз дыбысты анықтайды.<br>Дауыссыз дыбысқа сөздер айтады.<br>Бейнекөрсетілім. Экранға назар аударамыз.<br>(Ұ.) «Ойыншықтар сөйлейді» әдісін пайдалану.<br>Оқушылар дауыссыз дыбыстарға басталған сөздерді айтады. Сол сөздерді қатыстыра отырып сөйлем құрастыр.<br>ҚБ. Өте жақсы! Тамашасың! Сенің қолыңнан келді (мадақтау сөздері). | Дауыссыз дыбыстан келген сөздерді ойлап, айтады, сөздерді қайталайды.<br>Сөзді қатыстырып дұрыс сөйлем құрастырады.<br>Отбасы мүшелерін анықтайды.<br>Дастарқан басындағы сыйластық туралы әңгімелейді.<br>*Сергіту сәті: бейнеролик – «Апам үшін» әні.*<br>Апам үшін күнде мен (әндете)<br>Отынға ағаш жарамын.<br>(ағаш жарғандай) | | Бейне көрсетілім<br><br><br><br><br><br>Сиқырлы кітап<br><br>Интернет желісінен алынған суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **5 мин**<br><br><br>**3 мин**<br><br>**2 мин**<br><br>**8 мин**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**3 мин** | (Т.) (С) Дереккөздер арқылы.<br>Дереккөз бойынша сұрақтар қойып, отбасы мүшелерін анықта және дастарқан басындағы сыйластық туралы әңгімеле.<br>(Ұ) Оқулықпен жұмыс. «Бағытталған оқу» әдісі. Тізбектеп оқу.<br>(Т) (С )Тапсырма бойынша саралау.<br>А деңгейі. Заттардың кімге тиесілі екенін анықта.<br>В деңгейі. Жұмыс құралдары, ыдыстар және ойыншықтар атауын ажыратып, сәйкестендір.<br>С деңгейі. Еңбек құралдары тақырыбына әңгіме құра.<br><br>(Ұ) Жазылым. Дәптермен жұмыс. «Біз көркем жазамыз» әдісі.<br>Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма.<br>(Ж) Суреттердің атауын жаз.<br><br>Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма.<br>Жаңылтпаш өлеңдерді мұқият тыңда. Сөздерді жаз. | «Су құямын гүлге де,<br>(гүлге су құйғандай)<br>Дүкенге де барамын.<br>(қолдарына сөмке ұстап жүру).<br>Сыпырамын үй үшін,<br>(сыпырғандай)<br>Жуам ыдыс-табақты.<br>(ыдыс жуғандай)<br>Жылай қалса бөпемді,<br>(бөпені ұстағандай)<br>Жұбатамын ойнатып.<br>(қолдарын шапалақтайды).<br>Заттардың кімге тиесілі екенін анықтайды.<br>Жұмыс құралдары, ыдыстар және ойыншықтар атауын ажыратып, сәйкестендіреді.<br>«Еңбек құралдары» тақырыбына әңгіме құрайды.<br>ҚБ«+», «-» әдісімен бір-бірін бағалайды.<br>Каллиграфиялық талаптарды сақтап жазады.<br>Әріп элементтерін дұрыс байланыстырады.<br>Жазу жолының сызықтары мен жоларалық кеңістікті сақтайды.<br>Сөздерді сауатты әрі көркем жазады. | | Сауат ашу оқулығы<br><br>Интернет желісі<br><br>Сауат ашу оқулығы<br><br><br><br><br><br>Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **3 мин** |  зы зы зы қозы  ра ра ра қарға  шақ шақ шақ құлыншақ | Әріп элементтерін дұрыс байланыстырып салады.<br>Естіген сөздерді сауатты жазады.<br>Жазу жолының сызықтары мен жоларалық кеңістікті сақтап, көркем жазады. | | |
| **Сабақтың соңы**<br><br>**3 мин** | «Кім көп біледі?» әдісі. Сөздерді айтып, дыбыстық талдау жаса. | **Рефлексия**<br>**«Табыс ағашы»**<br>1) Сабақ өте қызықты болды. Маған ұнады. Тапсырмаларды өзім орындадым.<br>2) Маған сабақ ұнады, бірақ аздап қателер болды. Маған мұғалім мен оқушылар көмектесті.<br>3) Маған сабақ қызықсыз болды. Мен тапсырмаларды орындамадым. | | |

______________________________________

*(арнайы білім беру ұйымының атауы)*

## Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар

**<u>Заттың санын білдіретін сөздер</u>**

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Ауыспалы тақырып** | Бізді қоршаған әлем | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Заттың санын білдіретін сөздер | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 4.2.3.3 заттың санын білдіретін сөздерді заттың атын білдіретін сөздермен тіркестіру. | |
| **Сабақ мақсаттары** | Барлық оқушылар:<br>- тыңдаған мәтін бойынша тірек сөздерді белгілейді және ашық, жабық сұрақтарға жауап береді;<br>- сөз таптары кестесін қолданып, сөйлемнен сөз таптарын табады.<br>Көптеген оқушылар:<br>- құрамында сан есімі бар сөздерді жазады және сан есімнің байланысуын сызба арқылы көрсетеді.<br>Кейбір оқушылар:<br>- мәтіннің тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтай алады;<br>- мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады және сұрақтарға жауап береді. | |

| | |
|---|---|
| **Бағалау критерийлері** | • Мәтіндегі тірек сөздерді анықтайды<br>• Мәтін мазмұны бойынша ашық, жабық сұрақтарға жауап береді. |
| **Тілдік мақсаттар** | Пәнге тән лексика мен терминология: Тірек сөздер: бұлақ, су, мұхит, теңіз.<br>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:<br>1. Судың адам өмірі үшін маңызы қандай?<br>2. «Судың да сұрауы бар» деген халық даналығын қалай түсіндіре аласың?<br>3. Суды үнемдеудің қандай жолдарын ұсынар едің? |
| **Құндылықтарды дарыту** | Өмір бойы білім алу: білімін арттыруға, жаңаны тануға және шығармашылыққа деген ынтаны қалыптастыру. Ынтымақтастық: жағымды өзара әрекет пен ынтымақтастық атмосферасын құру. Ұжымда, топта жұмыс дағдыларын құруда, шешімді бірігіп қабылдауда,тәжірибе жасау барысында қауіпсіздік ережелері ынтымақтастықпен түсіндіріледі. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Дүниетану – судың адам өміріндегі маңызын талдау барысында;<br>әдебиеттік оқу – тапсырмада мәтінді оқуда;<br>математика – сан есімдерді сөзбен жазуда;<br>денешынықтыру – сергіту сәтінде дене қимылы кезінде. |
| **Бастапқы білім** | Негізгі және туынды сын есімді ажырата алады. |

**Сабақ барысы**

| Сабақтың кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушылардың әрекеттері | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>**2 мин** | *I. Ұйымдастыру кезеңі.*<br>Топқа бөлу. «Жалғасын тап» ойыны.<br>Оқушыларды сан есімге қатысты мақал жалғасын табу арқылы топқа бөлу.<br>I топ: «... теңгең болғанша, ... досың болсын».<br>II топ: «Жігітке ... өнер де аз».<br>III топ: «Білекті ... жығады,<br>Білімді ... жығады». | Топтарға бөлінетін ойын ойнау.<br>Сабаққа дайындалады, сұрақтарға жауап береді. | | Мақал-мәтелдер жинағы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **4 мин** | (Ұ) Ширату<br>«Қай күн?» ойыны.<br>Оқушыларды шеңберге тұрғызамын, доп алып, әр оқушыға сұрақ қойып, допты лақтырамын, қай баланың қолына доп түссе, сол бала сұраққа жауап береді.<br>Сұрақтар:<br>Бір ғасырда неше жыл бар?<br>Бір жылда неше ай бар?<br>Бір айда неше күн бар?<br>Бір тәулікте неше сағат бар?<br>Бір аптада неше күн бар?<br>Аптаның бірінші күні қай күн?<br>Сенің жасың нешеде?<br>Сен нешінші сыныпта оқисың?<br>Отбасыңда неше адам бар?<br>Бүгін мамыр айының нешесі?<br>Сабақ мақсатын хабарлау: Сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу. | | | |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**8 мин** | (Ұ) Оқулықпен жұмыс. «Серпілген сауал» әдісі. Мәтінді тыңда. Мәтін бойынша сұрақ қой.<br>**Су**<br>Күн төбеңді тесердей шақырайып тұр. Асан үйінен шығып, малды ауылдағы атасінікіне беттеді. Демалыс кезінде атасына барып сәлем бермекші. Орта жолға жетпей-ақ шөлдей бастады. «Бекер қуырдақ жеген екенмін», – деп ойлап келеді. Әбден шөл қысқанда, ерні кезеріп, тамсанып қояды. «Шіркін, бір ұрттам су болса ғой». | Сұрақтардың жауабы арқылы тірек сөздер қатарын тауып жазады. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **5 мин** | Кенет ойына жолда кездесетін бұлақ түсті. Жалғызаяқ жолмен соған қарай бұрылды. Міне, аңсаған бұлаққа да жетті. Қолын жуып жіберіп, уыстап су іше бастады. Тап-таза, мөлдір су ерекше тәтті сияқты көрінеді.<br>Шөлдегенде ішкен судың дәмділігіне ештеңе жетпес. Неткен рақат!<br>1. Асан қайда бармақшы болды?<br>2. Ол неліктен шөлдеді?<br>3. Жолда не кездесті?<br>4. Бұлақтың суы қандай?<br>5. Бұлақтың суы неліктен ерекше болып көрінеді?<br>(Ұ) Саралау: «Диалог және қолдау көрсету».<br>– *Судың қандай пайдасы бар?*<br>– *Сен суды не үшін пайдаланасың?*<br>– *Күніне неше литр су жұмсайсың?*<br>ҚБ «Ауа райы» әдісі. Барлығын түсінген оқушы Күнмен, сұрақтары бар оқушы бұлтпен бағаланады.<br>(С) Тапсырма бойынша<br>А деңгейі.<br>«Алтын балыққа көмектес» ойыны.<br>Құрамындағы сан есімі бар сөздерді сөзбен жаз.<br>К+3+ік –<br>7+к –<br>8+көз –<br>Тү+1 –<br>Дер+5 –<br>Жел+90 –<br>1+қазан – | Тірек сөздерді анықтайды;<br>Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>Мәтіннің мазмұнына қатысты ой қорытады.<br>Сан есімі бар сөздерді сөзбен жазады. | |  |

<table>
<tr>
<td>2 мин</td>
<td>
В деңгейі.<br>
«Сәйкестендір» әдісі.<br>
Екі бағанда берілген сөздердің байланысуын сызба арқылы сәйкестендір.

<table>
<tr><td>Есептік сан есім</td><td>оқып отыр</td></tr>
<tr><td>Реттік сан есім</td><td>қалам</td></tr>
<tr><td>Зат есім</td><td>жеті</td></tr>
<tr><td>Күрделі етістік</td><td>әдемі</td></tr>
<tr><td>Етістік</td><td>саналы</td></tr>
<tr><td>Негізгі сын есім</td><td>бірінші</td></tr>
<tr><td>Туынды сын есім</td><td>биледі</td></tr>
</table>

<u>С деңгейі.</u><br>
«Суреттегі жасырын сөз» әдісі.<br>
Ребусты шеш және жасырын сөзді тап.<br>

</td>
<td>Берілген сөздердің бай-<br>ланысуын сызба арқылы<br>сәйкестендіреді.</td>
<td></td>
<td>үлестірме<br>қағаз<br><br>Интернет<br>желісінен<br>алынған<br>сағат,<br>аю, нан,<br>есік, алма<br>суреттері</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **5 мин** | ҚБ «Дұрыс – бұрыс» әдісі.<br>Сергіту сәті<br>«Күн, жер, су» ойыны.<br>(Ж) (С) Қарқын. Дәптермен жұмыс.<br>«Сол жақтағы көршім» әдісі.<br>Мақалды оқып, жатқа жаз. Сан есімнің қай сөзбен байланысуын сызбамен көрсет.<br>Бір кісі қазған құдықтан<br>Мың кісі су ішеді.<br>Қосымша тапсырма:<br>«Суды үнемдеу ережесін» топтастырып жаз.<br><br> | Ребусты шешеді;<br>Тақырыпқа сай жасырын сөзді табады.<br>«Күн» дегенде, қолдарын жоғары көтеріп, Күнді бейнелейді.<br>«Жер» дегенде, бір орында тұрып, аяқтарын кезек-кезек қозғайды.<br>«Су» дегенде, қолдарымен толқынды бейнелейді.<br>Мақалды жатқа жазады.<br>Сан есімнің байланысуын сызба арқылы көрсетеді.<br>ҚБ «Зымыран мен Ұшақ» әдісі. Бәрін түсінген оқушы зымыранды алады, сұрақтары бар оқушы ұшақты алады. | | |
| **8 мин** | <u>(Ұ) Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма:</u><br>Бағалау критерийі<br>• Сөз таптарын ажыратады.<br>Мәтінді оқы. Мәтіннен кестенің әр бағанына сәйкес 2 сөз тауып жаз.<br>**Әлемдегі ең кішкентай балық**<br>Кәсіптік жағдайдағы ең кішкентай балықтың атауы – синарапан. Филиппин аралының Лусон жағалауында өмір сүретін балықтың бұл түрін көптеген аквариумдерден көрген де боларсыз. | Зат есімдерді анықтайды.<br>Етістіктерді анықтайды.<br>Сан есімдерді анықтайды.<br>Сын есімдерді анықтайды. | | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Себебі, ұзындығы 13 миллиметрден аспайтын синарапанды қолға ұстаушылар жетерлік. Соның нәтижесінде, бүгінде балықтың бұл түрі құрдымға кетудің аз-ақ алдында тұр. Ал, әлемдегі ең кішкентай балықтың аты – Панданка. Ең кішкентай балықтың ұзындығы 7-9 миллиметрді құрайды. Тұщы суда мекендейтін панданка Үнді мұхиты, Индонезия, Суматра аралын мекендейді.<br>
<table>
<tr><th>Зат есім</th><th>Сан есім</th><th>Сын есім</th><th>Етістік</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
<td></td>
<td rowspan="2">Қалыптастырушы бағалау жинақ негізінде мәтін интернет желісінен алынды<br></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>6 мин</td>
<td>Қорытынды.<br>«Семантикалық карта»<br>Тыйым сөздерге сәйкесінше «+» белгісін қойып орында.<br>
<table>
<tr><th>Тыйым сөздер</th><th>Төкпе</th><th>Қалдырма</th><th>Барма</th><th>Баспа</th></tr>
<tr><td>Суды бекер</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Түнде су алуға</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Лас су төккен жерді</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Судың бетін ашық</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Тыйым сөздерді оқиды.<br>Сәйкес сөздерді анықтайды.<br>Рефлексия «Алма ағашы».<br>Оқушылар түрлі түсті алмаларды ағашқа жабыстырады.<br>Қызыл алма – бәрі түсінікті<br>Жасыл алма – сұрақтарым бар<br>Сары алма – түсініксіз</td>
<td></td>
</tr>
</table>

______________________________

*(арнайы білім беру ұйымының атауы)*

## Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар

**Заттың қимылын білдіретін сөздер**

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Ауыспалы тақырып** | Менің отбасым және достарым | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 4.2.2.1 әрекетті білдіретін сөздермен сөйлем құрау, жазу, қимыл сөздерді сөйлеу барысында дұрыс қолдану. | |
| **Сабақ мақсаттары** | Барлық оқушылар: мұғалімнің көмегімен жеке суреттер бойынша мәтін құрап жазады. Берілген мәтіннен етістікті ажыратады.<br>Көптеген оқушылар: өз беттерінше суреттердің көмегімен мәтін мазмұнын әңгімелейді. Мәтіннен етістіктерді табады.<br>Кейбір оқушылар: мәтіндегі негізгі ойды анықтайды және жоспар құрастырады. Сөздердің етістік екенін дәлелдейді. | |
| **Бағалау критерийлері** | Сөздерді сөз таптарына жіктейді.<br>Сюжетті сурет арқылы әңгімелеу мәтінін құрап жазады. | |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсаттар** | Пәнге тән лексика мен терминология:<br>Етістік<br>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:<br>Етістік дегеніміз не?<br>Етістік қандай сұраққа жауап береді?<br>Етістік сөйлемнің қай бөлігінде кездеседі? |
| **Құндылықтарды дарыту** | Ынтымақтастық – ұжымда, топта, жұмыс дағдыларын құруда шешімді бірігіп қабылдауда; тәжірибе жасау барысында қауіпсіздік ережелері ынтымақтастықпен түсіндіріледі.<br>Ашықтық – оқушыларда ашықтық пен адалдық қағидаларын қалыптастыру. Жаңа білімге деген ашықтық. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Әдебиеттік оқу – мәтінмен жұмыс жасаған кезінде.<br>Денешынықтыру – сергіту сәтінде. |
| **Бастапқы білім** | Дара және күрделі зат есім. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың кезеңдері** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушылардың әрекеттері** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>**4 мин** | (Ұ) Ширату<br>Психологиялық ахуал қалыптастыру:<br>«Көтеріңкі көңіл күй»<br>Мақсаты: Барлық оқушы өз көңіл күйлерін білдіру арқылы жаңа тақырыптың сұрақтарын табады.<br>Көңіл күйлерің қандай? Егер көңіл күйлерің жабырқаулы болса, жұдырығымызды жұмып, бұлтты көрсетеміз. Ал, егер көтеріңкі болса, алақанымызды ашып, Күнді көрсетеміз.<br>– Біз қолымызбен не істедік? | Топтарға бөлінеді.<br>Сабаққа дайындалады.<br>Сөз таптарын ажыратады.<br>Сюжетті суреттер арқылы шағын мәтіндер құрап жазады. | | Интернет желісі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | – Қолымызды аштық, жұмдық, яғни іс-қимыл жасадық.<br>– Балалар, күнделікті өмірде біз сан қилы әрекеттер жасаймыз, яғни қимыл-қозғалыссыз өмір сүре алмаймыз.<br>(Ұ) 2. Топқа бөліну.<br>1 – «Айтамын»<br>2 – «Жазамын»<br>3 – «Тыңдаймын»<br>Сабақтың мақсатын хабарлау. | | | |
| **Сабақтың ортасы Жаңа сабақ**<br><br>**5 мин**<br><br>**3 мин** | (Ұ)«Кубизм» әдісін пайдаланып сұрақтарға жауап алу.<br>Сұрақтар:<br>1. Етістік дегеніміз не?<br>2. Етістіктің дара және күрделі түрлеріне мысал келтір.<br>3. Зат есім дегеніміз не? Сұрақтары?<br>4. Мына сөйлемде етістік қайсы?<br>Мерей мектепке келді.<br>5. Жұрнақ жалғанған сөзді тап:<br>А) оқу  Ә) оқуға  Б) оқушы<br>(Ұ) Оқулықпен жұмыс «Тез тауып, бөгелмей айт» ойыны.<br>Берілген заттардың бәріне ортақ етістікті тап.<br>Балық / Кеме / Үйрек → ...?<br>Бүркіт / Ұшақ / Инелік → ...?<br>ҚБ: «Білезік» әдісі арқылы өзін-өзі бағалау.<br>(Т) Оқулықпен жұмыс «Ақылды үкілер» әдісі. | Сұрақтарға жауап береді.<br>Мысалдар келтіреді.<br>Берілген заттардың бәріне ортақ етістікті табады.<br>Сөздердің мағынасына қарай етістікті қояды.<br>Етістіктердің астын сызады. | | Интерак-тивті тақта<br><br>Түрлі түс-ті білезік-тер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **4 мин**<br><br>**2 мин** | Шарты: Мәтіндегі негізгі сөздің мағынасына қарай етістікті қой. Етістіктердің астын сыз.<br>Көктем... . Жер... . Күн... . Найзағай... . Құстар жылы жақтан.. .<br>«Сергіту сәті»<br>«Қалай дыбыстайды?» Жан-жануарлардың суреттері дыбыстарымен қоса беріледі.<br>Олардың қалай дыбыстайтынын айтып, етістікті табу.<br>Мысалы: Ешкі маңырайды. Ит үреді. Сиыр мөңірейді. Қарға қарқылдайды.<br>(Қоян, аю, жылан, жорға ат, бүркіт, балық аулау) Қимылмен көрсету.<br>Қоян қайтеді? Қоян секіреді.<br>Аю қайтеді? Аю қорбаңдайды.<br>Жылан ше? Жылан ирелеңдейді.<br><br>Бүркіт ше? Бүркіт аспанда қалықтап ұшады.<br><br><br>(Т) (С )Тапсырма бойынша<br>«Ойлан! Жұптас! Бөліс!»<br>Топтарға тапсырмалар жазылған суреттер таратылады. | Берілген суреттер бойынша әңгіме мәтінін құрастырып жазады.<br>Мәтіннен етістікті ажыратады. | | Жануарлардың суреті |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **6 мин** | Тапсырма:<br>А деңгейі<br>Берілген суреттер бойынша әңгіме мәтінін құрастырып жаз. Мәтіннен етістікті ажырат.<br>Балалардың балық аулау, орманда жидек терген суреттері.<br>В деңгейі<br>3. Суреттердің көмегімен мәтін мазмұнын әңгімеле.<br><br>С деңгейі<br>1. Мәтінге ат қой және жоспар құрастыр.<br>Екі бала тоғайға бардық. Қарағайдың, түрлі өсімдіктің жұпар иісі мұрныңды жарады. Аласа бұталардың арасынан сұр торғай, көк шымшықтар пыр-пыр ұшады. Алыстан ала қанат тоқылдақтың тоқылы естіледі. Тоғай іші көңілді.<br>Т) (С) Дереккөздер бойынша саралау тәсілі.<br>Тапсырма:<br>«Суретті домино»<br>1. Суретте не бейнеленгенін ата?<br>2. Берілген суреттерді пайдаланып етістігі бар сөйлем құрастыр.<br>(3. Суретте берілген жабайы жануардың қимылы мен дыбысын сал. | Өздігінен суреттің көмегімен мәтіннің мазмұнын әңгімелейді.<br>Мәтіннен етістіктерді табады.<br>Мәтінге ат қояды.<br>Жоспар құрастырып жазады. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **5 мин**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**4 мин** |    <br>Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма.<br>Бағалау критерийі<br>Қобдишаға тақырыпқа қатысты түйінді сөздер жазылған қағаз қиындыларын салып, 1 минутта ондағы сөздің өзін атамай, сипаттап түсіндіреді.<br>Тапсырма<br>«Сөзді тап». Қобдишаға тақырыпқа қатысты түйінді сөздер жазылған қағаз қиындылары салынады. Бір оқушы қобдишадан қиынды қағазды алып, 1 минутта ондағы сөздің өзін атамай, сипаттап түсіндіруі керек.<br> Күлу, жылау, демалу, жуу, сауу, жабу, ашу, амандасу. | Суретте не бейнеленгенін атайды.<br>Берілген суреттерді пайдаланып етістігі бар сөйлем құрастырады.<br>Суретте берілген жабайы жануардың қимылы мен дыбысын салады.<br>Сөзді тапқан оқушы келесі сөзді алып түсіндіруді жалғастырады.<br><br>Оқушылар қобдишадан қиынды қағаздарды алады.<br>Сөздің өзін атамай, сипаттап түсіндіреді.<br>Сөзді тапқан оқушы келесі сөзді алып түсіндіреді. | | Карточкалар<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Қобдиша, қағаз қиындылары |
| **Сабақтың соңы**<br>**2 мин**<br><br><br><br><br><br>**2 мин**<br><br>**3 мин** | «Ақиқат және жалған» әдісі.<br>1. Етістік не істеді? қайтті? сұрақтарына жауап береді.<br>2. Заттың сынын білдіретін сөз табын етістік дейміз.<br>3. Етістік сөйлемнің соңында кездеседі.<br>4. *Сөйледі* сөзіне кім сөйледі? деген сұрақ қойылады.<br>Рефлексия: «Жетістік» баспалдағы.<br>Кері байланыс<br>«Белгілер» әдісі<br>Әрбір топқа әртүрлі деңгейдегі сұрақтар беріледі. | Өзара бірін-бірі бағалайды. | | <br><br><br><br><br><br>сурет<br><br>сурет |

____________________________________

*(арнайы білім беру ұйымының атауы)*

**Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар**

**Заттың санын білдіретін сөздер**

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Ауыспалы тақырып** | Бізді қоршаған әлем | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 4.2.3.3 заттың санын білдіретін сөздерді заттың атын білдіретін сөздермен тіркестіру | |
| **Сабақ мақсаттары** | 1. Сөйлемнен сан есімді табады және мұғалімнің көмегімен грамматикалық қателерін табады, мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.<br>2. Сөйлемнен сөз таптарын ажыратады, жіберілген тыныс белгілеріне тән қателерді тауып түзетеді, мәтіннен тірек сөздерді анықтайды.<br>3. Мәтіннен сан есімдерді табады, тірек сөздерді пайдаланып, ашық және жабық сұрақтарды құрастырады. | |
| **Бағалау критерийлері** | Сөз таптарын ажыратады;<br>тыныс белгілеріне қатысты қателерді тауып, түзетеді;<br>мәтіндегі тірек сөздерді анықтайды;<br>мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. | |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсаттар** | Пәнге тән лексика мен терминология:<br>сан есім – имя числительное (заттың санын, мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін сөз табы)<br>уыс – горсть<br>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:<br>- Сөз таптарын ата.<br>- Сан есім дегеніміз не? Сан есімнің неше түрі бар?<br>- Сан есімдерді байланыстырып сөйлем құра. (мұғалім сандарды көрсетеді, оқушы сол сандарды байланыстырып сөйлем құрайды). |
| **Құндылықтарды дарыту** | Ынтымақтастық – оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу.<br>Құрмет – оқушыларды рухани адамгершілікке, достыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Дүниетану – сабақта су, көлдер туралы мәлімет мәтінмен жұмыста, сөзжұмбақ шешуде көрінеді.<br>Математика – барлық тапсырмаларда кездеседі.<br>Музыка – сергіту сәтінде және мәтін оқығанда әуен қолданылады. |
| **АКТ қолдану дағдысы (сабақта қолданылатын болса көрсетіңіз)** | Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;<br>https://imektep.kz/kz/san-esim<br>Видеоролик iMektep<br>https://www.youtube.com/watch?v=STqriuTasD0 |
| **Бастапқы білім** | Сын есім |

**Сабақ барысы**

| Сабақтың кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушылардың әрекеттері | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>**7 минут** | (Ұ) Ширату: «Тілек шоғы» әдісі.<br>Ойын барысы:<br>Шеңберге тұрып, оң жағында тұрған көршілеріне бір немесе екі сөзден тұратын тілек тілеп, себеттен гүл шоғын береді.<br>*iMektep* порталынан сан есім туралы бейнеролик. | Топқа бөлінеді<br>Тақтаға үлкен бұлтты іліп, бұлтқа тамшылар ілу, әр тамшы артында (реттік, есептік, дара) сөздері болады, су тамшыларында жазылған сөз арқылы 3 топқа бөлінеді. | | 1-топ – «Реттік» сан есім.<br>2-топ – «Есептік»сан есім. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Сабақтың мақсатын хабарлау:*<br>Бүгінгі сабақта сөйлемнен сөз таптарын табамыз. Жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді тауып, түзетеміз, тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілейміз, ашық және жабық сұрақтарға жауап береміз. | | | 3-топ – «Дара»-сан есім https://imektep.kz/kz/san-esim |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**4 мин**<br><br><br><br><br><br><br><br><br>**10 мин** | Тыңдалым, айтылым.<br>(Ж) (С) Дереккөз бойынша «Сұрақ-жауап» әдісі.<br>Оқулықпен жұмыс. «Су» мәтіні.<br>Тапсырма: Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер. Сұрақтарға жауап беру арқылы тірек сөздер қатарын тауып жаз.<br>Сұрақтар:<br>1. Асан қайда бармақшы болды?<br>2. Ол неліктен шөлдеді?<br>3. Жолда не кездесті?<br>4. Бұлақтың суы қандай?<br>5. Бұлақтың суы неліктен ерекше болып көрінді?<br>ҚБ «Су көздері» арқылы бағалау.<br>(Ж.) «Қателік және сынау» әдісі (оқулықпен жұмыс.<br>Оқылым, жазылым.<br>Тапсырма: Орны ауысқан сөйлемдерді ретке келтіріп жаз, сөйлемнен сан есімдерді тап. Оларға сұрақ қой.<br>(Т) (С) Тапсырма бойынша<br>«Коала» мәтіні. «Алма ағашы» әдісі.<br>А) Тапсырма: Сөйлемнен сан есімдерді тап. Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер. | Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап береді.<br>Сұрақтарға жауап беру арқылы тірек сөздер қатарын тауып жазады.<br><br>Орны ауысқан сөздерді ретке келтіріп жазады.<br>Сөйлемнен сан есімді табады.<br>Оларға сұрақ қояды.<br><br>Сан есімдерді табады.<br>Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. | | Қазақ тілі 78-бет<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=STqriu-TasD0 (фон)<br>«Жануарлар туралы» энциклопедиядан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| <br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**2 мин**<br><br><br><br>**1 мин** | **Грамматикалық қоржын**<br>Сөйлемде өлшем бірліктермен тіркескен сан есімдер цифрмен жазылады. Мысалы, 1040 километр, 75 килограмм, 22 наурыз, 1991 жыл.<br><br>«Бэкроним» әдісі.<br>В) Тапсырма: Мәтінді оқы. Мәтіндегі сөз таптарының астын сыз. Соңғы сөйлемде жіберілген тыныс белгілік қателерді түзетіп, сөйлемді көшіріп жаз. Мәтіннен тірек сөздерді анықта.<br><br>**«Мүсінші Мысық» әңгімесінен үзінді**<br>Төре ауылы күзекке келгенде, сары бала сондай қуанды. Ала жаздай зарыға жалғыз ойнағандағы ойынан кетпейтін бір досы бар. Ол төре баласы – Шоқан. Шыңғыс Құсмұрын еліне аға сұлтан болып тағайындалысымен, осы күзекке екі бөлмелі кеңсе үйі салынған. Сол үйдің жазғы, қысқы күзетшісі – сары баланың әке-шешесі. Сары баланың сол сағына күткен досы жолбарыстай шұбар құнанын елеңдете аяңдатып жетіп келді. Ә дегенде тосырқап қалған сары бала балшықтан жасаған ойыншықтарын жия қойып, орнынан ербиіп тұра келді .<br><br>«Сұраққа жетіп ал» әдісі.<br>С) Тапсырма: Мәтіннен сан есімдерді тап, тірек сөздерді пайдаланып ашық және жабық сұрақтарды құрастыр.<br>ҚБ «Бағдаршам» арқылы бағала.<br>Сергіту сәті: «Молекула» ойыны. | Мәтінді оқиды, мәтіннен сөз таптарының астын сызады.<br>Соңғы сөйлемде жіберілген тыныс белгілік қателерді түзетеді.<br>Соңғы сөйлемді көшіріп жазады.<br>Мәтіннен тірек сөздерді анықтайды.<br><br>Мәтіннен сан есімді табады.<br>Ашық сұрақ құрастырады.<br>Жабық сұрақ құрастырады. | | <br><br><br><br><br><br>Қалыптастырушы бағалау |

<table>
<tr><td>3 мин</td><td>Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады, мұғалімнің айтуы бойынша, молекула үш дегенде – үш бала, молекула бес дегенде – бес бала болып топтасады.<br>( Т) «Бірге ойлаймыз» әдісі. «Кім зерек?» ойыны.<br>Тапсырма: Құрамындағы сан есімдерді сөзбен жаз.<br><table><tr><td>ш+2+лдеуік</td><td></td></tr><tr><td>к+3+ік</td><td></td></tr><tr><td>тік+4+бұрыш</td><td></td></tr><tr><td>сөн+5</td><td></td></tr></table></td><td>Құрамында сан есімі бар сөздерді сөзбен жазады.</td><td></td><td>«Жануарлар туралы» энциклопедиядан «Коала» мәтіні</td></tr>
<tr><td>3 мин</td><td>ҚБ «Бас бармақ» арқылы бағалау.<br>(Ө)(С) Қарқын бойынша<br>«Кэррол» диаграммасы.<br>Тапсырма: Дара, күрделі сан есімдерді тап. Сан есім емес дара және күрделі сөздерді тауып жаз.<br>Берілген диаграмманы толтыр.</td><td></td><td></td><td>Әуен</td></tr>
<tr><td>2 мин</td><td>Қосымша тапсырма.<br>Сөзжұмбақтан Қазақстанның өзендері мен көлдерінің атын тап.<br><table><tr><td>Э</td><td>Ш</td><td>ъ</td><td>і</td><td>Л</td><td>е</td><td>ч</td><td>ц</td><td>һ</td><td>я</td></tr><tr><td>Ю</td><td>У</td><td>э</td><td>ь</td><td>Ъ</td><td>ф</td><td>е</td><td>с</td><td>І</td><td>л</td></tr><tr><td>Х</td><td>Я</td><td>ж</td><td>а</td><td>Й</td><td>ы</td><td>қ</td><td>я</td><td>Х</td><td>һ</td></tr><tr><td>Ч</td><td>Б</td><td>а</td><td>л</td><td>Қ</td><td>а</td><td>ш</td><td>ф</td><td>Ц</td><td>э</td></tr></table></td><td>Дара, күрделі сан есімдерді табады.<br><br>Сан есім емес дара және күрделі сөздерді тауып жазады.</td><td></td><td></td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><th></th><th>Сан есім</th><th>Сан есім емес</th></tr>
<tr><td>Дара</td><td>Бір<br>бес<br>алты<br>жеті</td><td>алма<br>қалам<br>қоян<br>қала</td></tr>
<tr><td>Күрделі</td><td>он бір<br>екі жүз<br>жиырма алты<br>он сегіз</td><td>жүгіріп келеді<br>алма ағашы<br>Қызылорда<br>Халықаралық</td></tr>
</table>
ҚБ «Смайлик» арқылы бағалау.<br>
<u>Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма</u><br>
Бағалау критерийі. Тыныс белгілеріне қатысты жіберілген қателерді тауып, түзетіп жазады.<br>
Ойлау дағдыларының деңгейін қолдану.<br>
Тапсырма<br>
Өлеңдегі тыныс белгілеріне қатысты жіберілген қателерді тауып, түзетіп жаз.<br><br>
Су жүргізер тіршіліктің тамырын!<br>
Су жоқ болса – тіршілік, тамам,<br>
«бауырым»?<br>
Судың біз, біле тұра, маңызын,<br>
Көп болған соң, ұмытамыз қадірін,<br>
Т. Есімжанов
</td>
<td>Сөзжұмбақтан Қазақстанның өзендері мен көлдерінің атын табады.<br><br>Тыныс белгілеріне қатыс-ты жіберілген қателерді табады.<br>Түзетіп жазады.</td>
<td></td>
<td>https://www.youtube.com/watch?v=DRRJeQrcins (өзен, көлдер туралы көрсеті-лім)</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br><br>**4 мин**<br><br><br>**4 мин** | (Ұ) Қорытындылау. «Фишбоун» әдісі.<br><br><br>Рефлексия<br>Алдыңғы «Фишбоун» әдісінің қорытындысында «Су тамшылары» арқылы өзін-өзі бағалау. | Әр топ арнайы тақырыпқа байланысты сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орындайды.<br>Су тамшыларына тақырыпты меңгергендері жайлы ойларын жазады.<br> | | |

______________________________

*(арнайы білім беру ұйымының атауы)*

## Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар

**<u>Наурыз – жыл басы</u>**

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Ауыспалы тақырып** | Салт-дәстүр. Мерекелер | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 4.4.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің жоспарын (өлең, жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш) анықтап, мазмұнын айту. | |

| | |
|---|---|
| **Сабақ мақсаттары** | Барлық оқушылар:<br>- мұғалімнің қолдауымен мәтіннің тақырыбын, ондағы негізгі ойды анықтайды;<br>- сызбада берілген мәліметтер негізінде бірлесе отырып, ашықхат мәтінін дайындайды.<br>Оқушылардың көбі:<br>- мәтіннің мазмұнына сүйене отырып пікір білдіруге арналған сұрақтар құрастырады;<br>- сызбада берілген мәліметтер негізінде нұсқаулық құрап, кесте түрінде жазады.<br>Оқушылардың кейбірі:<br>- мәтіннің тақырыбы мен ондағы негізгі ойды, сызбада берілген мәліметтер негізінде нұсқаулықты компьютерде график түрінде құрап жазады. |
| **Бағалау критерийлері** | - өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтайды;<br>- мұғалімнің көмегімен сызба, график пайдаланып нұсқаулық жазады. |
| **Тілдік мақсаттар** | Пәнге тән лексика мен терминология:<br>*Наурыз, ұлттық, дәстүр, ұзынсары*<br>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:<br>*Наурыз қандай мереке?*<br>*Наурыз мерекесі жылдың қай мезгілінде тойланады?*<br>*Наурыз мерекесі неліктен көктемде тойланады?* |
| **Құндылықтарды дарыту** | Құрмет – Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, әр ұлттың тарихы мен мәдениетіне деген құрметті қалыптастыру.<br>Ынтымақтастық – ұжымда жұмыс дағдыларын құру;<br>- жағымды өзара әрекет пен ынтымақтастық атмосферасын құру;<br>- сынып, мектеп, жергілікті қоғамдастық төңірегіндегі ынтымақтастық. |
| **Пәнаралық байланыстар** | АКТ – шрифт таңдау, безендіру.<br>Әдебиеттік оқу – тапсырмадағы мәтіндерді оқуда қолданылады.<br>Денешынықтыру – сергіту сәтінде дене қимылын жасағанда қолданылады. |
| **Бастапқы білім** | Мәтін түрлері туралы біледі.<br>Аналар мерекесі. |

| Сабақ барысы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың кезеңдері** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушылардың әрекеттері** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы**<br><br><br><br><br>**3 мин** | I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>«Сәлемдесу» ойыны. Бір-біріне жақсы тілектер тілеп, ынтымақтастық атмосферасын құру.<br>«Бастаймыз» деген белгі берілгенде, бір-бірімен тез-тез көзбен, қолмен, иықпен амандасу керек.<br>Жұмыс ережесін келісу<br>• Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз,тыңдаймыз!<br>• Уақытты үнемдейміз!<br>• Нақты, дәл жауап береміз!<br>• Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>• Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!<br>Алдыңғы білімді еске түсіру (Ұ)<br>II. Сабақтың мақсатын хабарлау.<br>Өз бетімізше мәтіннің тақырыбын, негізгі ойын анықтаймыз. Сызба, график, кестені пайдаланып шақыру, ашықхат, нұсқаулық компьютерде құраймыз. | Гүлдер арқылы топқа бөлінеді. Оқушылар өздері таңдаған гүлдері арқылы 1, 2, 3 топқа бөлінеді.<br>1-топ. «Қызғалдақ»<br>2-топ. «Түймедақ»<br>3-топ. «Раушангүл» | | Топтарға бөлуге арналған гүлдердің суреттері |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**5 мин** | III. (Ұ) (С) Дереккөз. Оқулықпен жұмыс.<br>9-жаттығу.<br>Тапсырма:<br>Мәтінді мәнерлеп оқы. Мәтінге ат қой. Мәтіндегі ұзынсары сөзі нені білдіреді? Жауабын жаз.<br>Наурыз – жыл басы. Бұл кезде күн ұзарады. | Мәтінді мәнерлеп оқиды.<br>Мәтінге ат қояды.<br>Мәтіндегі ұзынсары сөзінің мағынасын ашады.<br>Зат атауларының алғашқы әрпін торкөзге жазады. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **10 мин** | Қыста жоғары көтеріле алмай, төменде болатын Күн енді өрмелеп, төбеге шығады.<br>Осынау шуақты әрі батпай ұзақ тұратын көктем күнін қазақтар қадірлеп «Ұзынсары» деп атаған. Оның мағынасы терең – *ұлыстың Ұлы күні* деген сөз. Бұл күнді тойлау – халқымыздың ежелгі салты.<br>• Наурыз мерекесі қай мезгілде тойланады?<br>• Наурызда қандай ұлттық тағамдар дайындалады?<br>ҚБ: Мұғалімнің мадақтауы. Жарайсың! Керемет!<br>(Т) Тапсырма арқылы саралау.<br>Тапсырма:<br>А) Суреттегі зат атауларының алғашқы әрпін торкөзге жазу. Қандай сөз шықты? Ол туралы өз ойыңды айту.<br><br>| | | | | | |<br><br>Тапсырма:<br>В) Берілген тірек сөздерді қолданып, наурыз мерекесіне шақыру хатын жазу. | Наурыз туралы өз ойын айтады.<br><br>Тірек сөздерді қолданады.<br>Шақыру хатын жазады. | | Интернет желісінен суреттер, кесте<br><br>Тірек сөздер, ашықхат үлгісі |

<table>
<tr>
<td>4мин<br><br>2 мин</td>
<td>Тірек сөздер: құрметті, қадірлі, шақырамын, аяулы, құтты болсын, денсаулық, бақыт, жақсылық, табыс, сізді, әз-наурыз, тілектеспін, ізгі ниетпен.<br>Тапсырма:<br>С) Оқиға картасы. Оқиға желісі бойынша «Талғаттың ерлігі» мәтініне жоспар құру. Мазмұнын жазу.
<table>
<tr><td>Атауы<br>Талғаттың ерлігі</td><td>Кейіпкер<br>Талғат, командир, ұшқыш</td><td>Ахуал, жағдай<br>Жау бекінісі</td></tr>
<tr><td>Шешім<br>Жауынгерлер тапсырманы ойдағыдай орындауы</td><td>Проблема<br>Жаудың бекінісін тастап қашуы</td><td>Оқиға<br>Ұшқыштар маңызды тапсырма алуы</td></tr>
</table>
ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек»<br>(Ж) «Еркін жазу» әдісі.<br>Наурыз мерекесі тақырыбында эссе жазу.<br>Сергіту сәті. «Қара жорға» биін билейді.<br>(Ж) Дәптермен жұмыс.<br>Тапсырма: Төмендегі кестені наурызкөже құрамына енетін дәм атауларымен толықтыр.</td>
<td>Мәтінге жоспар құрады.<br>Оқиға желісін жазады.<br><br>Негізгі ойды анықтайды.<br>Каллиграфиялық талаптарды сақтап жазады.</td>
<td></td>
<td>https://www.youtube.com/watch?v=IVBV2Y9C_aA</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **6 мин**<br><br>**5 мин** | <br>ҚБ: «Велосипед, мәшине, ұшақ» арқылы бағалау.<br>(Ө) Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма.<br>Тапсырма: Өлеңді оқы. Негізгі ойды білдіретін сөздерді дәптерге теріп жаз. | | | |
| **Сабақтың соңы**<br><br>**3 мин**<br><br>**2 мин** | Наурыз, наурыз күні игі,<br>Күні игі жердің түрі игі.<br>Бауыры жылып науат қар,<br>Бабымен ғана жібиді.<br>Наурыз, наурыз күні игі,<br>Күні игі жердің түрі игі.<br>Шашылып ырыс шанақтан,<br>Шақырып бір үй бір үйді,<br>Сақтанушы еді бір игі.<br>«Аяқталмаған сөйлем» әдісі.<br>Төменде берілген сөйлемдерді аяқтап жазу.<br>1. Мәтіннің түрлерін әңгімелеу, ... .<br>2. Халықаралық мерекелер 22 наурыз, 8 наурыз, ... .<br>3. Наурызкөженің құрамы су, жарма ... .<br>ҚБ: «Жұлдызша»<br>Рефлексия<br>Өзін-өзі бағалау кестесі. | Өлеңді оқиды.<br>Негізгі ойды білдіретін сөздерді жазады. | | Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағынан |

| Бағалау критерийлері | Өз бағам | Мұғалім бағасы |
|---|---|---|
| Өз бетінше мәтіннің тақырыбын анықтайды. | | |
| Мәтіндегі негізгі ойды тұжырымдайды. | | |
| Сызбаны қолданып хат жаза алады. | | |

Оқушының бағалауы мен педагогтің бағалауы сәйкес келді ме? Неліктен?
Оқушылармен қандай оқу мақсаттарын әлі де пысықтау керек?

_______________________________________

*(арнайы білім беру ұйымының атауы)*

## Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар

**Заттың атын білдіретін сөздер**

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Ауыспалы тақырып** | Менің мектебім | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Ұзақ мерзімдегі оқу мақсаты** | 4.2.1.3 жалқы есімдер; жалқы есімдер туралы түсінікті кеңейту (өзен, теңіз, тау атаулары); жалқы есім сөздерін ережелерге сай сақтап жазу. | |
| **Сабақ мақсаттары** | Барлығы: Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айтады.<br>Көбі: Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжайды.<br>Кейбірі: Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қояды. | |
| **Бағалау критерийлері** | - Өлеңнің тақырыбын анықтайды.<br>- Автордың ойын болжап айтады.<br>- Тірек сөздер/сызбалар/суреттер/белгілердің көмегімен жай сөйлемдер/шағын мәтін құрастырып жазады.<br>- Сөздерді каллиграфиялық талаптарға сай жазады. | |
| **Сөздікқор** | Заттың атын білдіретін сөздер | |

| | |
|---|---|
| **Құндылықтарды дарыту** | Ынтымақтастық – ширату, ассоциация, жеке және топта жұмыс жүргізе отырып, ынтымақтастыққа баулу. |
| **Денсаулық және техника қауіпсіздігінің сақталуы** | Сабақта қолданылатын қауіпсіздік ережесі. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Айналадағы әлем, тәртіп мәдениеті. |
| **АКТ қолдану дағдысы (сабақта қолданылатын болса көрсетіңіз)** | Слайд, суреттер. |
| **Алдыңғы меңгерілген білім** | Оқушылыр алдыңғы оқу мақсатында алған білім мен дағдыға сүйенеді. |

**Сабақ барысы**

| Сабақтың кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушылардың әрекеттері | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы 7 мин** | Өсеміз біз күліп-ойнап,<br>Он саусақтың саласындай.<br>Өсеміз біз күліп-ойнап,<br>Бір адамның баласындай.<br>– Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш! | Оқушылар сәлемдеседі. Сабаққа дайындалады. Мұғалімді мұқият тыңдайды. | | Сиқырлы гүл |
| **Сабақтың ортасы 25 мин** | Жаңа сабақ.<br>Топтық жұмыс «Ассоциация». Нәтиже бойынша саралау. | Заттардың атауын дұрыс атайды. | | Суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Критерий: заттың атын білдіретін сөздерді ажыратады, сұрақтарға жауап береді.<br>Тапсырма:<br>1. Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.<br>2. Суретке қарап кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздерді табыңдар.<br>Сыныпта, тақта алдында сабақ түсіндіріп тұрған мұғалімнің суреті. Тақтада «1 қыркүйек – Білім күні» деген жазу бар. Партада отырып, сабақ тыңдап отырған балалар суреті.<br>3. Әр сөзге сұрақ қойыңдар.<br>4. Көп нүктенің орнына заттардың атын жазыңдар.<br>Кім?.. Кімдер?...<br>Не?.. Нелер?<br>1-топ. Кім? кімдер? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді топтап жазады.<br>2-топ. Не? нелер? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді топтап жазады.<br>*ҚБ: Мұғалімнің бағалауы.*<br>Сергіту сәті:<br>Үлкенге де сіз,<br>Кішіге де сіз,<br>Бар адамды құрметтеп,<br>Бас иеміз біз. | Кім? кімдер? сұрақтарына жауап беретін сөздерді қатесіз табады.<br>Не? нелер? сұрақтарына жауап беретін сөздерді қатесіз табады. | | Айтылым<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Оқылым. Сергіту сәті |

<table>
<tr>
<td>Сергіту сәті<br>1 мин</td>
<td>2-тапсырма. Оқулықпен жұмыс.<br>Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.<br>Біздің отбасы<br>Әкем менің – құрылысшы,<br>Апам менің – сауыншы.<br>Ағам менің – егінші,<br>Жеңгем менің – тігінші.<br>Отырмаймын мен текке,<br>Кеттім мен де мектепке.<br>2. Мамандықты білдіретін сөздерге қандай сұрақ қойылады.<br>ҚБ «Өзара жұпта»<br>1 қате – жұлдызша<br>2 қате – төртбұрыш<br>3 қате – үшбұрыш<br>Жеке жұмыс. «Кім шапшаң?» ойыны. Дәптермен жұмыс. Нәтиже  бойынша саралау.<br>1-тапсырма.<br>1. Суреттен кестедегі сұрақтарға жауап беретін сөздерді тап. Кестенің әр бөлігіне<br>1 сөзден жаз.<br><br><table><tr><td>Кім?</td><td>Кімдер?</td><td>Не?</td><td>Нелер?</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table></td>
<td>Сергіту жаттығуын орындайды.</td>
<td></td>
<td>Жазылым</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Кейбір оқушыларға тапсырма. Жұптасып, осы сөздермен сөйлем құрастыру.<br>*Оқушы, кітапхана, кітап*<br>ҚБ «Цукерман таяқшасы» әдісі.<br>Өзін-өзі бағалау (мұғалімнің дұрыс жауабы бойынша).<br>Тапсырма: Заттың атын білдіретін сөздерді тауып жаз:<br>*Алма, Алматы, қызыл, сынып, апарды, гүл, биік, күйші, кітап, оқыды, бөлме, мұғалім, бала, қыз, ата, домбыра.*<br>Қорытынды. «Серпілген сауал».<br>Доп лақтыру арқылы сұрақ қойып, жауап аламыз.<br>- Заттың атын білдіретін сөздерді айтамыз.<br>- Кім? кімдер? сұрақтарына сөздер айтамыз.<br>- Не? нелер? сұрақтарына сөздер айтамыз. | Заттың атын білдіретін сөздерді ажыратады.<br>Заттың атын білдіретін сөздерді тауып жазады. | | |
| **Сабақтың соңы 5 мин** | | *Рефлексия:* «Жұлдыздар сөйлейді».<br>«Алтын жұлдыз»:<br>*Мен сабақты өте жақсы түсіндім.*<br>«Күміс жұлдыз»:<br>*Мен сабақты жақсы түсіндім.*<br>«Қызыл жұлдыз»:<br>*Мен сабақты орташа түсіндім.* | | Рефлексия жұлдыздар суреті |

______________________________

*(арнайы білім беру ұйымының атауы)*

## Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар

**Сөйлем түрлері**

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Ауыспалы тақырып** | Саяхат | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 4.3.3.1 сөйлем түрлерімен танысу (хабарлы, сұраулы, лепті), ажырату. | |
| **Сабақ мақсаттары** | Барлық оқушылар: Сөйлем түрлерін біледі.<br>Көптеген оқушылар: Сөйлем түрлерін ажыратады.<br>Кейбір оқушылар: Сөйлем түрлерін салыстырады. | |
| **Тілдік мақсаттар** | Хабарлы, лепті, сұраулы сөйлем | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Оқушыларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | |
| **Пәнаралық байланыстар** | Айналадағы әлем. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интербелсенді тақта. | | | |
| **Бастапқы білім** | Сөйлем туралы түсініктерін пысықтау. | | | |
| **Сабақ барысы** | | | | |
| **Сабақтың кезеңдері** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушылардың әрекеттері** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы**<br>**2 мин**<br><br><br><br>**1 мин**<br><br><br><br>**5 мин** | I. Ұйымдастыру кезеңі<br>а) амандасу;<br>ә) оқушыларды түгендеу;<br>б) оқушыларды топқа бөлу. Оқушыларға ағаштардың, жеміс-жидектердің, гүлдердің суреттерін таратып, өздері қалаған суреттерін алуды тапсыру.<br>Психологиялық дайындық.<br>Қазақ тілім – өз тілім, ана тілім,<br>Абай, Мұхтар, сөйлеген дана тілім!<br>Қастерлейді, ұл қызың мәңгі сені –<br>Болашағым, бақытым, дара тілім!<br>Балалар, біздің бүгінгі тақырыбымыз «Сөйлем» деп аталады.<br>Сөйлем неден құралады?<br>Сөйлем соңында қандай тыныс белгі қойылады?<br>**Сөйлем**<br>Мұғалім сыныпқа кірді. (Хабарлы сөйлем)<br>Сабақ қашан басталады? (Сұраулы сөйлем)<br>Қыс мезгілі қандай керемет! (Лепті сөйлем)<br>ТЖ. Тірек сызбалармен жұмыс.<br>Сөйлем туралы не білеміз?<br>Сөйлем нешеге бөлінеді? | Оқушылар ұнатып алған суреттері бойынша үш топқа бөлінеді. Сабаққа дайындалады. Тапсырмаларды орындайды. Сұрақтарға жауап береді. | | Шаттық шеңбері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| <br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**1 мин**<br><br><br><br>**10 мин** | Бөлінген топтарымыздың атауларын осы сөйлемнің үш түріне байланыстырып атаймыз.<br>I топ: Хабарлы сөйлем<br>II топ: Сұраулы сөйлем<br>III топ: Лепті сөйлем (атауларын таратып беру)<br>1-тапсырма. ТЖ. Сәйкестендіру.<br>Сөйлемге тән қандай белгілерді қаншалықты меңгергенімізді көрсетеміз. (3 мин)<br>1. Сөйлем аяқталған … … … (ойды білдіреді).<br>2. Сөйлем сөзден … … … (құралады).<br>3. Сөйлемдегі сөздер … … … (бөлек жазылады).<br>4. Сөйлемнің бірінші … … … (сөзі бас әріптен басталып жазылады).<br>5. Сөйлемнің соңына … … … (нүкте қойылады).<br>6. Хабарлы сөйлемнен кейін … … ... (нүкте қойылады).<br>7. Сұраулы сөйлемнен кейін … ... ... (сұрақ белгісі қойылады).<br>8. Лепті сөйлемнен кейін … ... ... (леп белгісі қойылады).<br>2-тапсырма. ӨЖ. Есте сақтау диктанты. (5-мин)<br>*Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың,*<br>*Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.*<br>*Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,*<br>*Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!* | | | |
| **Сабақтың ортасы**<br>**1 мин** | Сергіту сәті<br>*Тәртіпті бала сүйініш –*<br>*Төбең бір көкке жетеді.*<br>*Тәртіпсіз бала күйініш –*<br>*Төмендеп басың кетеді.* | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Орнымыздан тұрайық,*<br>*Алақанды ұрайық.*<br>*Оңға қарай иіліп,*<br>*Солға қарай иіліп,*<br>*Бір отырып, бір тұрып,*<br>*Орнымызды табайық.* | Сергіту жаттығуын орындайды. Берілген тапсырмаларды орындайды. | | |
| **4 мин** | 3-тапсырма. ТЖ. Тақтамен жұмыс. Талдау жасау. Әр топтан бір-бір оқушы тақтада орындайды.<br>1-топ. *Сөз құрамына талда.*<br>Ұрпағы өз тілінде сөйлеген ұлттың рухы биік.<br>2-топ. *Сөйлем мүшесіне талда.*<br>Асқарға анамның да мейірімі ерекше еді.<br>3-топ. *Фонетикалық талдау.*<br>*Ұстазым* | | | |
| **5 мин** | ТЖ. Ойын: «Сөз ойла, тез ойла».<br>1-топ. Қарлығаш – қар, ала, ғарыш, аға, ағаш, ар, қарға т.б.<br>2-топ. Көгершін – ер, ін, іш, көше, өшір, өн, өр, көгер, өнер, көр, көрші т.б.<br>3-топ. Бүркіт – бүр, түр, бір, үр, кір, түрі, бүк, бүкір, түкір т.б. | Дәптермен жұмыс жасайды. | | |
| **5 мин** | Дәптермен жұмыс. ӨЖ. Сөйлемдерді көшіріп жазу. Түскі тамаққа кешікпе. Орталыққа кеткендер келіп пе? Жіпті үзбе. Айтқанды түсіндің бе? Қараңғыға қалма. Күн суытты ма? Әрқашан қатарыңнан қалма. Қосымша сабаққа қалды ма? | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br>**4 мин**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**2 мин** | ҰЖ. Карточкамен жұмыс. Оқушыларға сөйлемдер жазылған карточкалар таратылады. 1-карточка: Таң атты. Күн шықты.<br>2-карточка: Қанат ерте тұрды. Мектепке барды.<br>3-карточка. Қоңырау соғылды. Мұғалім сыныпқа кірді.<br>4-карточка. Сабақ басталды. Сабақ қызықты өтті.<br>5-карточка. Балалар келді. Сыныпқа кірді.<br>6-карточка. Қыс келді. Күн суытты.<br>7-карточка. Қанат аққала жасады. Балалар ойнады.<br>Үй тапсырмасы: Сөйлем түрлерінің ережелерін қайталау.<br>3 сөйлем құрап келу.<br>Бағалау: Оқушыларды сабаққа қатысқандарына байланысты бағалау.<br>Қорытынды:<br>Бүгінгі сабақта нені үйрендік? Нені білдік? | Хабарлы сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырып жазады. | | |

_______________________________________

*(арнайы білім беру ұйымының атауы)*

## Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар

**<u>Бас әріптен жазылатын сөздер</u>**

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Ауыспалы тақырып** | Менің отбасым және достарым | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)** | 4.2.1.3 жалқы есімдер; жалқы есімдер туралы түсінікті кеңейту (өзен, теңіз, тау атаулары); жалқы есім сөздерін ережелерге сай сақтап жазу. | |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** | |
| | • Оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Тақырыпты меңгереді. | |
| | **Оқушылардың басым бөлігі:** | |
| | • Тақырыптың маңызы туралы дәлелдеп айтып бере алады. | |
| | **Кейбір оқушылар:** | |
| | • Білімді сыныптастарына түсіндіріп оқулықтан тыс ресурстар қоса алады. | |
| **Бағалау критерийі** | Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады.<br>Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады. | |
| **Әдіс-тәсілдер** | Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия. | |

| **Пәнаралық байланыс** | Музыка, қазақ тілі, тарих. | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақ барысы** | | | | |
| **Сабақтың кезеңдері** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушылардың әрекеттері** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы 5 мин** | Топқа бөлу<br>**Кір жаятын жіптің суреті.**<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Көрші»**<br>Мақсаты: әрбір қатысушының сол топтың бір мүшесі екендігін сезінуі, бір-біріне жылылық сыйлау.<br>Нұсқаулық:<br>Көршіңді оң жақтан құшақта,<br>Көршіңді сол жақтан құшақта.<br>Оң жақтағы көршіңе бір жымиып,<br>Сол жақтағы көршіңе бір жымиып,<br>Бүгінгі тренинг барысы,<br>Біз үлкен отбасы. | Топқа бөлінеді. Сабаққа дайындалады. Тапсырмаларды орындайды. | | Жіпте жайылған фотосуреттерді алып, түріне сай топтарға бөлінеді. |
| **Сабақтың ортасы 20 мин** | **<u>Білу және түсіну 10 минут</u>**<br>**Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады.**<br>1-тапсырма. Дәптермен жұмыс.<br>Заттың атын білдіретін сөздерді тауып, сұрақ қой. | **Жалпыға арналған тапсырма:**<br>Оқушылар жаңа білімге сай оқулықты қолдана отырып өз түсінгендерін постерге түсіреді. | | (Көршілер қимыл-қозғалыстар арқылы жаттығуды жасайды). |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2-тапсырма. Сурет бойынша мәтін құрастырып жаз.<br>Заттың атын білдіретін сөздерді тап.<br>Өзің ұнататын команда жеңіске жеткенде қандай сезімде боласың?<br>**<u>Қолдану 8 минут Постер жасату.</u>**<br>Топтарда орындау. | Оқушыларға жасырын суреттер таратылады, кімге балық түссе, сол алтын балық болады, оқушы алтын балықтың маскасын киіп, ортаға шығады. Басқа оқушылар оған сұрақтар қояды. Егер жауап бере алмаса топ мүшелері көмектесуіне болады. | | «Әлемді шарлау» әдісі арқылы түсіндіріледі.<br><u>Постер жасату.</u><br>Оқушылар өз ойларын постерге жазып оқып береді. Бейнежазбадағы би «Алтын балыққа арналған аквариум» әдісі |
| **Сергіту сәті 2 мин** | **<u>Сергіту сәті «Қыдырып қайтайық»</u>** | | | |
| **Сабақтың соңы 15 мин** | **Синтез «Алтын балыққа арналған аквариум» әдісі** | | | |

# САБАҚТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

## Алфавит

Оқушылар әрқайсысы алфавиттің бір-бір әрпін алып, өздеріне түскен әріпке сәйкес жыл бойы оқыған материалдарының тақырыптарын айтып шығады. Мысалы, «Қаратпа сөз, қыстырма сөз, қосарлы айқындауыш, қарсылықты салалас, қарсылықты сабақтас т.с.с.».

Қорытынды сабақтарда, емтиханға дайындықта есте сақтауын дамытуға көмектеседі.

## Аквариум

«Аквариум» әдісі балаларға мәселені «қоғам алдында» талқылауға ұсынылғандағы диалог формасына негізделген. Шағын топ белгілі бір мәселе бойынша диалогті жүргізуді кімге сеніп тапсыруға болатынын таңдайды, Кейде тілек білдірушілер бірнеше болуы мүмкін. Барлық қалған оқушылар көрермен рөлін атқарады. Сондықтан да мұны «аквариум» деп атайды.

Барлық сынып алдында өз пікірін білдіргені болмаса, ойын *ыстық орындық* сияқты жүреді. Олар алтын балыққа арналған аквариумда, басқалары оларға сұрақ қойып, түсініктемелер сұрай алады және т.б.

## Алма, шие, өрік, банан

Оқушылар орындықтарды шеңберлей орналастырып жайғасады. Мұғалім оқушыларды отырған ретімен жемістер атауымен санап шығады: «Алма, шие, өрік, банан» деп. Осыдан кейін мұғалім бір не бірнеше жемістің атын атайды (мысалы, «Шие!» деп, не «Алма, өрік!» деп, немесе «Алма, шие, өрік, банан!» деп) сол кезде жемісі аталған оқушылар орындарын алмастыру керек. Ал мұғалім бір бос орынға отырады. Орын жетпей қалған оқушы жүргізуші болып жемістердің атын атайды.

## Бағдаршам

Сабақтан алған әсерлерін төмендегі түстер арқылы көрсету:
жасыл түс – сабақтан жаңа идеялар байқадым;
сары түс – жаңа сабаққа көңілім толды;
қызыл түс – бүгінгі сабақ сезіміме ерекше әсер етті.

## Баяндама

Мұғалім оқушыларға мәтінді оқуға, соңынан оның мазмұнын сурет, сызба түрінде беруді ұсынады. Бұл «шпаргалканы» оқушы оң жағындағы көршісіне береді. Енді әрқайсысы өз көршісінің суреттерін не сызбаларын қолдана отырып, осы мәтін бойынша «баяндама» жасайды. «Баяндама» мазмұнын неғұрлым кең ашып, оны қорғап, ең жақсы өрнекті ұсынған оқушы жеңімпаз болады.

## Бес саусақ

Бас бармақ – өзімді қалай сезіндім?
Балан үйрек – басқаларға көмегім тиді ме?
Ортан терек – бүгінгі көңіл күйім қандай болды?
Шылдыр шүмек – бүгінгі сабақ ұнады ма?
Кішкентай бөбек – бүгін не үйрендім?



## Әдебиет лотосы

Мақсаты: оқыған әдеби шығармалар кейіпкерлері туралы кестені толтыру. Кесте белгілі бір уақыт ішінде толтырылуы керек.

| Шығарма атауы | Авторы | Кейіпкері | Қандай? | Қандай жағымды қасиеттері мен қылықтары ұнайды? | Кейіпкерге ұқсағың келе ме? Себебін түсіндір |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

## Бұрыштар

Мұғалімдер оқушыларға сұрақ ұсынады және мұғалім төрт жауабын сыныптың төрт бұрышына орналастырады. Оқушылар өзіне дұрыс деген жауаптың қасына барып тұрады. Таңдаған жауаптарын топтық жұмыста тұжырымдайды және өздерінің көзқарастарын дәлелдейді.

## Жақсылық тамшысы

Әр бала тамшыға өзі жасаған жақсы істерін немесе өзінің бойындағы жақсы қасиеттерін жазады. Іліп жатқанда, әрқайсысы өзі жасаған жақсылықтарын, қасиеттерін айтады.

## Ертегі құрастыру

Бастаушы ертегінің бірінші сөйлемін айтады. Қалғандары бір-бір сөйлемнен өздері қалауынша ертегінің сюжетін құрастырады. Қатысушылардың қиял жүйріктігі, тіл байлығына қарай түрлі ертегі құрастырып шығады.

## Ара ұясы

Мұғалім жұптағы оқушыларға не білгендігі туралы пікір алмасуды және екі сұрақтан дайындауын тапсырады. Содан кейін әрбір жұп кезектесіп сұрақ қояды, ол сұраққа жауапты мұғалім немесе басқа оқушылар береді. Сонымен берілген осы техника негізінде мұғалімнің берген мәліметтері қорытындыланады, өңделеді.

«А», «В», «С»

А – сұрақ қояды.

В – жауап береді.

С – айтқан жауаптарды бақылайды, толық болмаса, толықтырады. Оқушылар топта үшеуден отырады. А – сұрақ қоюшы, В – жауап беруші, С – бақылаушы рөлін атқарады. Бақылаушы қажетті жерлерін түртіп алып, әңгіме соңында қорытынды береді.

Оқушылар осы сұрақтарға жазбаша стикерге жауап береді. Ұсыныс, тілектерін айтады.

## Батискаф

(Су астын байқайтын құралдармен жабдықталған, өз бетімен қозғалу қасиеті бар терең су камерасы).

Екі топ бір-біріне кезекпен сөздер жасырады. Топтың бір оқушысы қимылмен өз тобына жасырылған сөзді жеткізу керек.

## Ассоциацияның көмегімен көрініс

Оқушылар өздерінің есімдерімен қоса бір затты (пикникке алып шығатын немесе қызығушылығына байланысты) ұйқастырып айтуы керек. Мысалы: есімім – Жантас, ұнататын сусыным – квас; есімім – Жанар, ұнататын жемісім – анар т.с.с.

Сабақта өтілген ұғымдарды өз есімдерімен байланыстырып айтуларына болады.

## Атаулар туралы үш сұрақ

Мұғалім сабақ барысында жаңа тақырып бойынша үш терминді тақтаға жазып, оқушыларға осы атауларға қатысты мынадай сұрақтарға жазбаша жауап беруді тапсырады:

Қайда? Бұл терминді сіз бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?

Қалай? Өз тәжірибеңізбен осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба?

Қандай? Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз?

Әдетте, бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша немесе жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының пікірін тыңдайды. Мұғалім сұрақтарды шығармашылық тұрғысынан әр сабақта тақырыпқа байланысты өзгертіп отыруына болады.

Броундық қозғалыс

Сынып ішіне тақырыпқа қатысты мәліметтер мен ақпараттар орналастырылады. Оқушылар бүкіл сынып ішінде қозғала жүріп, берілген тақырып бойынша ақпарат жинайды.

## Аяқталмаған сөйлем

«Мұғалімге жеделхат» тақтасына оқушылар стикер жапсыру арқылы орындалады.

Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:

– Бүгінгі сабақта мен ... түсіндім, ... білдім, ... көзімді жеткіздім.
– Бүгінгі сабақта қуантқаны – ... .
– Мен өзімді ... үшін мақтар едім.
– Маған ерекше ұнағаны – ... .
– Сабақтан соң маған ... келді.
– Бүгін маған ... сәті түсті.
– Қызықты болғаны – ... .
– ... қиындық тудырды.
– Менің түсінгенім – ... .
– Енді мен ... аламын.

## Блум түймедағы

Блум түймедағының алты күлтесі – сұрақтар типінің алты түрі.

Қарапайым сұрақтар. Оларға жауап бере отырып, болған жайттар туралы әңгімелеп беруге болады. Дәстүрлі бақылау жұмыстарында, терминологиялық диктанттарда т.б. қолданылады.

Анықтаушы сұрақтар. Әдетте, «Сонда сіз солай демекшісіз ғой?..», «Менің түсінуімше, сіз ...», «Менің қателесуім мүмкін, бірақ, меніңше, сіз былай айтқан сияқты болдыңыз ...» деген сұрақтар болады. Бұл сұрақтар анықтау мақсатында жайдары көңілмен берілуі керек.

Интерпретациялық (түсіндіруші) сұрақ. «Неліктен жапырақтар күз мезгілінде сарғаяды?» деген сұрақтың жауабын оқушылар білетін болса, ол жай сұраққа айналады.

Шығармашылық сұрақтар егер, болса, қалай болар еді деген сөздермен келеді.

Бағалау сұрақтары: «Неліктен бұл «жақсы», басқасы «жаман» деген баға алды?», «Бір нәрсе екінші нәрседен несімен ерекшеленеді?» деген сұрақтар бағалау критерийлерін түсіндіруге бағытталған.

Тәжірибелік сұрақтар: «Күнделікті өмірде қай жерде байқайсыз?», «Кейіпкердің орнында болсаңыз, не істер едіңіз?» деген сипаттағы сұрақтар теория мен практиканы ұштастырады.

## Борт журналы

Борт журналы – тақырыпты оқып үйренуде өз ойларын жазуға үйренудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін қамтитын жалпылама атауы. «Борт журналы» қарапайым түрде мәтінді оқу алдында және оқу материалымен танысқан соң қолданылады. Оқушылар келесі сұрақтарға жауап жазады.

| Берілген тақырып бойынша маған не белгілі? Мен не білемін? | Мәтіннен қандай жаңалық туралы білдім? |
|---|---|
| | |

Оқушылар мәтіннің түйінді ойларын өздерінің «Борт журналына» енгізеді. Оқушылар оқу кезіндегі үзілісте тақырыпты өз ойларымен, тәжірибелерімен байланыстырып, «Борт журналының бағандарын толтырады. Мұғалім жұмысты оқушылармен бірлесе отырып орындайды. Кейін оқушыларға жазбаларын пайдалануға мүмкіндік туғызады.

## Бөлмедегі заттар

Сабаққа рефлексия жасау үшін әр оқушы бөлмедегі бір жансыз заттың атын жазады. Қағаздар жиналып, әр оқушы бір қағаздан суырып алады да, сол заттың атынан бүгінгі сабақ, өзінің оған қатысы туралы сөйлейді. Мысалы, «Мен үстелмін. Бүгін маған тыныштық болмады. Алдымен, топқа бөліну үшін құлағымнан ұстап алып, жан-жаққа сүйреледі. Содан соң үстіме қағаздар жайып тастап, постер сызды. Мен бүгін «Сын есімнің түрленуі, оның шырай формасына енуінің не екенін түсіндім. Шырайдың екі түрі болатынын айтып бере аламын» т.с.с. жалғасып кете береді.

## Әңгімелесетін әріптестер

Өткен сабаққа сілтеме жасауды көздейтін бастапқы немесе бүкіл сыныпқа арналған тапсырма ретінде оқушылар әріптестерімен:

- жаңа оқылған 3 факті туралы;
- оларға жеңіл болып көрінгендер туралы;
- оларға қиын болып көрінгендер туралы;
- алдағы уақытта оқығысы келген нәрселер туралы ақпарат алмасады.

## Былғары қолғап

**Ойын шарты:** үш адамнан тұратын топтарға бөлініңдер – екі ойыншы, бір төреші. Мұғалім нұсқаған уақытта берілген тақырып бойынша сұрақ-жауап сағатын ұйымдастырасыңдар. Ол қарсыласың тоқтап қалғанша жалғаса береді. Төреші есеп жүргізіп отырады.

## Бір минут

Оқушылар кезекпен бір минут ішінде сабақ тақырыбы бойынша тоқтаусыз, қайталаусыз және қатесіз сөйлейді.

## Балық, құс, аң

Жүргізуші ойыншылардың жанына барып ақырын дауыспен: «Балық, құс, аң», – деп айтып-айтып келеді де, бір ойыншының жанына келген кезде: «Балық! (немесе аң, құс)», – деп қатты дауыспен айтады. Сол мезетте ол ойыншы бірден өзі білетін кез-келген балықтың атын айтып үлгеруі керек. Айта алмай қалса, ол ойыннан шығады. Ойын ең соңғы ойыншы қалғанша жалғаса береді.

## Боди-арт

Жүргізуші (мұғалім немесе арнайы дайындалған оқушы) сыныптағы бір оқушының бет әлпетін, сыртқы пішінін, киімін, сөйлеу мәнерін, әдеттерін т.б. ауызша сипаттайды. Әрине ол оқушының

есімін атауға болмайды және де сипаттамалардың барлығы да жағымды болуы керек, мұнда оқушыны мақтаған дұрыс.

Бір-екі сипаттамадан кейін жүргізуші оқушылардан: – «Бұл кім? Сендер таптыңдар ма?» – деп сұрап, олардың жауаптарын тыңдайды. Оқушылар таппаса, сипаттауды әрі қарай жалғастыра береді. Мысалы, «Бұл оқушының күлкісі өте әдемі. Ол ақ жейде киген... Ол кім? Бұл оқушыны жолдастары сыйлайды. Оның қолында қаламсап бар... Ол кім?...»

Бұл ойын оқушылардың бір-біріне деген ынта-ықыластарын арттыруға бағытталған, себебі оқушылар өздері және өзге жолдастары туралы әңгімелеуді ұнатады.

## Венн диаграммасы

Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін нысандардың сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерде екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып, оқушылар қызыға толтырады, яғни, салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді.

## Желпуіш

Қағазды желпуіш пішінінде бүктеп, бірінші оқушы бір бөлігіне сабаққа қатысты сұрақтар жазып шығады, екінші оқушы екінші бөлігіне қысқаша жауап жазып тапсырады.

## Даналық ағашы

Оқушылар ішінен бір жүргізуші сайланады. Жүргізушінің қолында қорап немесе сандықша болуы керек. Оқушылар тақырып бойынша ашық сұрақтар құрастырып, жүргізушіге береді. Сұрақтар құрастырылып біткен соң, оқушылар сандықшадан кез келген сұрақты алып, дауыстап оқиды, толық жауап беруге тырысады. Қойылған сұрақпен берілген жауап бағаланады.

## Данышпан үкілер

Мәтінмен жұмыс істеудің негіздері.

Мәтіннен негізгі (жаңа) ұғымдарды тауып, оларды алфавиттік ретте жазыңыз. Мәтіннен сіз күтпеген, сіздің бұрынғы ұғымдарыңызға қарсы тұрған ақпаратты табыңыз. Сізге жаңалық болған ақпаратты жазыңыз.

Маңызды өмірлік даналық.

Мәтіннің негізгі ойын бір сөйлеммен білдіріңіз.

Таныс және таныс емес.

Мәтіннен сізге алдында таныс болған және мүлдем таныс емес ақпаратты табыңыз.

Иллюстрациялық бейнелеу.

Мәтіннің негізгі ойын сурет, сызба, карикатура т.б. арқылы бейнелеп көріңіз.

Үлгі боларлық қорытынды.

Оқыған мәтіннен келешекте қажет болатын маңызды қорытынды шығаруға бола ма?

Талқылауға арналған маңызды тақырыптар.

Сыныпта талқылауға тұрарлықтай ерекше көңіл бөлуге болатын ойларды, пікірлерді табыңдар.

## Дизайн

Әр оқушы өзінің қандай жансыз зат екенін айтады. Дизайнер келіп, оларды өз талғамымен орналастырады. Ең бастысы, бәрін өз орнына тиімді орналастыра білу. Сабақта да солай әр жұмыстың өз қызметі, өз орны бар. Орнымен жұмсасақ қана нәтиже болатынын білдіру.

## Диаманта

Диаманта – жеті жолдан тұратын өлең түрі. Бірінші және соңғы жолдары қарама-қарсы мәнде болуы қажет. Мағыналары қарама-қарсы түсініктермен жұмыс істегенде пайдалы.

1, 7 – жолдары – антоним-зат есімдер;

2 – бірінші зат есімге екі сын есім;

3 – бірінші зат есімге үш етістік;

4 – зат есімді екі сөз тіркесі;
5 – екінші зат есімге үш етістік;
6 – екінші зат есімге екі сын есім.
Мысалы:
Қала
Үлкен, көне
Салынады, өседі, гүлденеді
Танымал қала, кішкентай ауыл
Асырайды, дамиды, қалыптасады
Әдемі, туған
Ауыл

## Допты лақтыру

Мұғалім доп лақтырып сұрақ қояды. Допты қағып алған оқушы сұраққа жауап беріп, өзінің сұрағын қояды. Егер оқушы сұраққа жауап бере алмаса, допты басқа оқушыға береді. Бұл әдіс теориялық сұрақтарды бағалауға, тілдік мақсаттардың орындалуына көмек береді.

## Константинополь

Бүгінгі негізгі сөзден барынша көп қысқа сөздерді құрастыру қажет.

## Мнемокесте

Суреттер беріледі. Суреттердің сюжетіне қарай оқушылар әр суретке сөйлемдер құрастырады. Сол сөйлемдерден ертегі немесе әңгіме құрстырады. Бұл әдіс оқушының қиялын, ойлау қабілетін, сөздік қорын дамытады.

## Фишбоун әдісі

Балықтың басына зерттелетін, қаралатын, талқыланатын тақырып жазылады. Оң жақ қабырға сүйектеріне анықтаған проблема себептері, тақырыптың негізгі мазмұндары мен түсініктері жазылады. Сол жақ қабырға сүйектеріне проблемаларды шешу жолдары, қарама-қайшылық тудырушы кедергілер жазылады.

Балықтың құйрығына анықталған жұмыстың нәтижесі мен талданған тақырыптың қорытындылау сұрағына жауап жазылады.



**Ыстық орындық**

Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оны айнала қоршай орналастырылады.



Жаттығудың сипаттамасы:
Бір оқушы алға шығып, өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады.

**Ойлаудың 6 қалпағы**

Қызыл қалпақ – Түйсік
Менің түйсіктік реакциям қандай?
Менің түйсігім маған не дейді?
Өз ойыңызды жазыңыз.
Ақ қалпақ – Фактілер
Менде қандай ақпарат бар?
Маған қандай ақпарат алу қажет?
Білетініңізді ғана жазыңыз.
Сары қалпақ – Позитив
Жағымды тұстары қандай болды?
Оның артықшылығы қандай?
Маған не ұнайды?
Оң тармақтарын жазыңыз.
Қара қалпақ – Жағымсыз
Жағымсыз кезеңдерді көрсетіңіз?
Қандай проблемалар бар?

Маған не ұнамайды?
Жағымсыз тармақтарды жазыңыз.
Жасыл қалпақ – Креатив
Менде қандай идеялар бар?
Қандай баламалы түрлерді ойлап таба аламын?
Барлық жаңасын және қызықтысын жазыңыз.
Көк қалпақ – шолу
Мен не аштым?
Тағы не ашылған жоқ?
Мен оны қалай аша аламын?
Мен барлық қалпақты кие алдым ба? Жалпы түсінігіңізді жазыңыз.

Көк қалпақты барлық топтан кейін кері байланысты алу үшін пайдаланыңыз.

## Жетістік баспалдағы

Оқушылардың қандай білім баспалдағында тұрғандарын және алған білімдерін салыстыра отырып, өз есімдері жазылған стикерді баспалдақтарға қояды. Баспалдақ тақтаға ілінеді. Ол орынға не үшін қойғандарын түсіндіреді.

## Интербелсенді дәріс

**1. Орындалу барысы**

**А.** Мұғалім оқушыларға жаңа тақырып бойынша жалпылама дәрістің мәтінін әр топқа арнап береді. Оқушылар арнайы тапсырмаларды орындайды. Мәтін практикалық жұмысқа арналған және нақты болуы қажет. **В**. Оқушылар топ ішінде бір-біріне көмектесе отырып, дәрістің мағынасын түсінеді. Оқушылар өздеріне түсініксіз болған жағдайларға байланысты бір-біріне сұрақтар қоя алады. Мұғалім сұрақтарға ешкім жауап бере алмаған жағдайда ғана сұрауға рұқсат етеді. **С.** Дәрістің мәтінімен жұмыс жасап болған соң оқушылар жекелей тапсырмалар орындайды. Жұмыстың бұл кезеңінде бір-бірінен сұрау, көмектесуге рұқсат берілмейді, оқушылар тек жеке тапсырмалармен жұмыс жасайды.

Әдістің басты ерекшелігі жеке тапсырмаларға арналған бағалау жүйесінде болып табылады. Бағалау салыстырмалы түрде

қойылады. Оқушы алдыңғы тапсырмадан қарағанда жоғары ұпай алған кезде ғана топ қоржынына өз үлесін қоса алады. Жоғары ұпай жинаған топ жеңімпаз атанады.

**2. Фильмдерді көру және оны талдау**

Сабақ барысында көркем фильмдерді және шағын бейне-баяндарды, олардың үзінділерін қолдануға болады.

Тақырып пен мақсатқа сай материалды тек қана қосымшада ғана емес, сабақтың кез келген кезеңінде көрсетуге болады. Көр-сетілімнің алдында оқушыларға бірнеше (3-5) негізгі сұрақтарды беріп қою қажет. Бұл талдауға негіз болады. Фильмді арнайы таңдалған жерлерінен тоқтатып дискуссия өткізуге болады. Со-ңында оқушылармен бірге талдап, қорытындысын шығару қажет.

## Мозаика

**Өткізу кезеңдері**

**А**. Үзінділерге бөлінген тапсырмамен жұмыс істеу үшін оқу-шылар 4-6 адамнан құрылған топтарға біріктіріледі (логикалық немесе мағыналы блоктар). Шағын топтың әрбір мүшесі өз бөлімі бойынша материал табады. **В.** Содан кейін бір сұрақты зерттейтін, бірақ әртүрлі шағын топтарда тұратын оқушылар осы мәселе бойынша сарапшылар сияқты кездеседі және осы ақпаратпен алмасады. Бұл «сарапшылар кездесуі» деп аталады. **С.** Әрі қарай сарапшылар өздерінің шағын топтарына қайтады және басқа шағын топтардың мүшелерінен үйренген барлық жаңа білгендерін үйретеді. Яғни, өз кезегінде, өз тапсырмасының бөлігі туралы баяндайды (бір араның тіліндей). Өйткені материалды барлық фрагменттерімен меңгерудің жалғыз жолы – серіктестерін команда бойынша мұқият тыңдау және жазып отыру. Оқушылар жолдастарының өз тапсырмаларын адал орындағандарын қа-лайды, өйткені бұл олардың қорытынды бағаларына әсер етеді. Барлық тақырып бойынша балалардың әрқайсысы және барлық команда толық жауап береді.

**Д**. Қорытынды кезеңде мұғалім осы тақырып бойынша кез келген сұрақты команданың кез келген мүшесінен сұрайды.

## «ӨЗІМ ТУРАЛЫ» БӨЛІМІ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ҮЛГІСІ

Бөлімше: 1.1 Қазақ тілі дыбыстарын дұрыс айту.

1.2 Дыбыс және әріп арасындағы байланыс.

1.3 Дауысты дыбыстардың жуан, жіңішкелігі.

Оқу мақсаты: 4.1.1.1 ауызекі сөйлеу тілінде буын және дыбыс үндестігін сақтап сөйлеу;

4.1.2.1 әртүрлі жазбаша жұмыс түрлерінде дыбысты, әріпті сәйкес дұрыс қолдану (жазба, баспа әріптер);

4.1.3.1 жуан (а, о, ы, ұ), жіңішке (ә,ө,і,ү) дауыстылардың айтылуы мен естілуін ұғыну, сөзде дұрыс жазу; сөзге дыбыстық талдау жасау.

Бағалау критерийі:

- буын, дыбыс үндестігін сақтап сөздерді жаза алады;
- дыбыс пен әріпті ажыратады;
- дауысты дыбыстардың түрлерін біледі, дыбыстық талдау жасай алады.

Ойлау дағдыларының деңгейі: қолдану

Орындау уақыты: 20 минут

**Тапсырмалар.** Суретті қара. Тапсырмаларды орында.

   

**1-тапсырма.** Бірінші бағанға сөздердің атын жаз. Екінші бағанға сол сөздерге і әрпін қосып жаз. Өзгерген әріптің астын сыз.

**2-тапсырма.** Жазған сөздеріңде қанша дыбыс, қанша әріп бар?

**3-тапсырма.** Сөздердегі дауысты дыбыстарды тап. *Жүрек* сөзіне дыбыстық талдау жаса.

| Бағалау критерийі | Тап-сырма | Дескрипторлар | Балл |
|---|---|---|---|
| Сөздерді буын, дыбыс үндестігін сақтап жаза алады. | 1 | сөздерді қатесіз жазады | 1 |
| | | қосымшаны дұрыс жалғайды | 1 |
| Дыбыс пен әріпті ажыратады. | 2 | қанша дыбыс, қанша әріп екенін дұрыс анықтайды | 1 |
| Дауысты дыбыстардың түрлерін біледі, дыбыстық талдау жасай алады. | 3 | дауысты дыбыстарды қатесіз табады | 1 |
| | | дыбыстық талдауды қатесіз жасайды | 1 |
| Барлығы | | | 5 |

## «МЕНІҢ МЕКТЕБІМ» БӨЛІМІ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ҮЛГІСІ

Бөлімше: 1.4 Дыбыстардың буын құру функциясы.

1.5 Қазақ тілі әліпбиі.

1.6 Дауыссыз дыбыстардың топтамасы.

Оқу мақсаты: 4.1.4.1 буын, тасымал ережелерін тәжірибе жүзінде меңгеру;

4.1.5.1 қазақ тіліндегі әріптердің орналасу тәртібін білу;

4.1.6.2 **Я**, **Ю** әріптердің емлесі;

4.1.6.3 **И**, **Й** әріптердің жазылуы. Осы әріптер кездесетін сөздерге буындық және дыбыстық талдау жасау;

4.1.6.4 **В**, **Ф** дыбысы мен әріптері; айтылуы мен жазылуында ажырату; сөздерге дыбыстық-буындық талдау жасау.

Бағалау критерийі:

сөздерді әліпби ретімен буынға бөліп, дұрыс тасымалдай алады;

**я**, **ю** және **и**, **й** әріптерінің емлесін дұрыс қолданады;

**в**, **ф** әріптеріне сөздер жазып, дыбыстық талдау жасай алады.

Ойлау дағдыларының деңгейі: қолдану

Орындау уақыты: 20 минут

**1-тапсырма.** Оқу құралдарының атын әліпби ретімен буынға бөліп жаз. Тасымалдау ретін көрсет.

**2-тапсырма.** Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

### Полиграфия

Полиграфия – баспа өнімдерін шығаратын кәсіпорын. Онда газет, кітап өнімдері басылып шығады. Түрлі түсті өнімдер дүкен, кітапханаларға жіберіледі.

*(Қазақстан Ұлттық энциклопедиясынан.)*

1. Полиграфия сөзін буынға бөліп жаз.
2. Дыбыстық талдау жаса. Қанша дыбыс, қанша әріп?

| Бағалау критерийі | Тап-сырма | Дескрипторлар | Балл |
|---|---|---|---|
| Сөздерді әліпби ретімен буынға бөліп, дұрыс тасымалдай алады | 1 | сөздерді қатесіз жазады | 1 |
| | | қатесіз буынға бөледі | 1 |
| | | қатесіз тасымалдайды | 1 |
| *я, ю* және *и, й* әріптерінің емлесін дұрыс қолданады | 2 | сөзді қатесіз буынға бөледі | 1 |
| | | *я* әрпін қатесіз жазады | 1 |
| | | *и* әрпін қатесіз жазады | 1 |
| *в, ф* әріптеріне сөздер жазып, дыбыстық талдау жасай алады | | *Ф* әрпін қатесіз жазады | 1 |
| | | дыбыстық талдау жасай-ды | 1 |
| Барлығы | | | 8 |

## «ӨЗІМ ТУРАЛЫ» ЖӘНЕ «МЕНІҢ МЕКТЕБІМ» БӨЛІМДЕРІ БОЙЫНША ТОҚСАНДЫҚ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ҮЛГІСІ

Бөлімше: 1.3 дауысты дыбыстардың жуан, жіңішкелігі;

1.6 дауыссыз дыбыстардың топтамасы.

Оқу мақсаты: 4.1.3.3 әртүрлі жұмыс түрлерінде жуан, жіңішке дыбыстарды дұрыс өзбетімен қолдану.

4.1.4.1 буын, тасымал ережелерін тәжірибе жүзінде меңгеру;

4.1.6.1 қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды әртүрлі жаттығуларда, тапсырмаларда орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс қолдану.

Бағалау критерийі: 1. Дауысты дыбыстарды түрлеріне қарай ажырата алады.

2. Сөздерді дұрыс буынға бөліп, тасымалдайды.
3. Дауыссыз дыбыстарды түрлеріне қарай топтай алады.
Ойлау дағдыларының деңгейі: қолдану
Орындау уақыты: 20 минут
**Тапсырмалар.** Суретке қара. Тапсырмаларды орында.

**1-тапсырма.** Мамандық түрлерін жаз. Дауысты дыбыстарды тап.

________________________________________________

**2-**тапсырма**.** Сөздерді буынға бөл. Бір сөзбен тасымал түрін көрсет.

________________________________________________

**3-тапсырма.** Бір сөзге дыбыстық талдау жаса. Дауыссыз дыбыстарды түрлеріне қарай ажырат.

________________________________________________

| Бағалау критерийі | Тапсырма | Дескрипторлар | Балл |
|---|---|---|---|
| Дауысты дыбыстарды түрлеріне қарай ажырата алады | 1 | сөздерді қатесіз жазады | 1 |
| | | дауысты дыбыстарды қатесіз табады | 1 |
| Сөздерді дұрыс буынға бөліп, тасымалдайды | 2 | сөздерді қатесіз буынға бөледі | 1 |
| | | қатесіз тасымалдай алады | 1 |
| Дауыссыз дыбыстарды түрлеріне қарай топтай алады | 3 | қатесіз дыбыстық талдау жасайды | 1 |
| | | қатесіз дауыссыз дыбыстарды ажыратады | 1 |
| Барлығы | | | 6 |

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы. Алматы, «Жалын», 1991 ж.

2. Қазақ мақал-мәтелдері. Алматы, «Алматыкітап», 2007 ж.

3. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы, «Өнер». 2007 ж.

4. «Сен білесің бе?» энциклопедиясы. Алматы, «Аруна» баспасы.

5. Бесік жыры. Алматы, «Жалын», 1989 ж.

6. Ұ. С. Ботабаева, К. Ә. Ерешова, Ұ. П. Жазықбаева, Н. Қ. Мырқасымова. «Қазақ тілінен сын жұмыстары». 2003, 2005 ж.

7. Ақылдың кені. Алматы, «Қазақстан», 1991 ж.

8. Той. Алматы «Өнер», 1993 ж.

9. С. Кенжеахметұлы «Жеті қазына». Алматы, «Ана тілі», 2007 ж.

10. М. И. Нүсіпбекова, С. А. Сейілгазинова. «Хрестоматия». 2007 ж.

11. К. Ә. Ерешева, Э. Б. Сүлейменова. «Өзіндік жұмыстар». 2012 ж.

12. М. Қ. Солтангазина, Ф. С. Лекерова. Қазақ тілі, «Диктанттар мен мазмұндамалар» жинағы, 2014 ж.

13. Мадиева Т. Ә «Бастауыш топқа арналған жаттығулар жинағы». 2013 ж.

14. К. Ерешова, Ш. Ыдырсова, Г. Әденова. «Логика әлемі». 2012 ж.

15. ҚР Білім министрлігі ұсынған «Тәлім-тәрбие хрестоматиясы». Алматы, «Рауан», 1996 ж.

16. Ақ сандық, көк сандық. Алматы, «Жалын», 1988 ж.

17. С. Қалиев, М. Оразаев, М. Смаилова. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері». Рауан баспасы, 1993 ж.

18. «Дайындауыш немесе қазақ тілінен 55 сабақ». Шымкент, «Шикула ии К», 2009 ж.

19. «Менің Отаным – тәуелсіз Қазақстан». Алматы, «Балауса» баспасы, 2009ж.

20. «Сұрақ-жауап» энциклопедиясы. «Алматыкітап» баспасы, 2012 ж.

21. Бүлдіршіндерге арналған әндер. Алматы, «Мереке» баспасы, 2012 ж.

22. «Балдырған» республикалық балалар журналы.

23. Т. Молдағалиев. «Балаларға базарлық». Алматы, «Балалар әдебиеті», 2011 ж.

24. Н. Есбосын. «Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер қоржынынан». Қызылорда, 2017 ж.

25. «Қазақ тілі» пәнінен жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар. 4-сынып. Нұр-Сұлтан, 2019 ж.

# МАЗМҰНЫ

Кіріспе ........................................................................................ 3

Оқу үдерісінде оқулықты қолдану ерекшеліктері ...................... 6

Зерде бұзылыстары бар оқушыларды оқытудың әдістемелік ерекшеліктері ........................................................................................ 7

Оқулықтың мазмұны мен құрылымы ........................................ 10

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар................................................ 12

Технологиялық картаның үлгісі ................................................ 18

Оқушының оқу жетістік картасы ................................................ 26

Оқу мақсаттары бойынша күтілетін нәтиже (4-сынып) ............ 30

Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар ........................ 33

«Өзім туралы» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың үлгісі .................................................................... 110

«Менің мектебім» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың үлгісі .....................................................................111

Пайдаланылған әдебиеттер .................................................. 114

Оқу басылымы
**Биисова Аслима Қабекешовна**
**Джусупкалиева Лаура Жалгасбаевна**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

Зерде бұзылыстары бар балаларға
арналған арнайы мектептердің
(сыныптардың) 4-сыныбына арналған
әдістемелік құрал

Редакторы Г. Ж. Есенжолова
Компьютерде беттеген Э. А. Айтқұлова

Басуға 25.05.2021 қол қойылды.
Есептік баспа табағы 7,25. Шартты баспа табағы 6,74.
Пішімі 60x84 $^{1}/_{16}$. Офсеттік қағаз